

**"Автомобиль, теміржол, ішкі су көлігі және сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 1205 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 823 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 304 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 2 мамырдағы № 55 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 4 мамырда № 32426 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. "Автомобиль, теміржол, ішкі су көлігі және сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 1205 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 823 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12769 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141 және 143-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес автомобиль көлігі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес теміржол көлігі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2-1) осы бірлескен бұйрыққа 2-1-қосымшаға сәйкес ішкі су көлігі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2-2) осы бірлескен бұйрыққа 2-2-қосымшаға сәйкес сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес таксимен тасымалдаушыларға және ақпараттық-диспетчерлік такси қызметіне қатысты автомобиль көлігі аясында мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

3-1) осы бірлескен бұйрыққа 3-1-қосымшаға сәйкес автовокзалдарға, автостанцияларға және жолаушыларға қызмет көрсету пункттеріне қызмет көрсететін тұлғаларға қатысты автомобиль көлігі аясында мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

3-2) осы бірлескен бұйрыққа 3-2-қосымшаға сәйкес жолаушылар мен багажды тасымалдауды жүзеге асыратын және (немесе) қызмет көрсететін автомобильмен тасымалдаушыларға қатысты автомобиль көлігі аясында мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

3-3) осы бірлескен бұйрыққа 3-3-қосымшаға сәйкес қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын және (немесе) қызмет көрсететін автомобильмен тасымалдаушыларға қатысты автомобиль көлігі аясында мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

3-4) осы бірлескен бұйрыққа 3-4-қосымшаға сәйкес жүктерді, сондай-ақ ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын және (немесе) қызмет көрсететін автомобильмен тасымалдаушыларға қатысты автомобиль көлігі аясында мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

3-5) осы бірлескен бұйрыққа 3-5-қосымшаға сәйкес жүк жөнелтушілер және (немесе) жүк алушылар ретінде әрекет ететін тұлғаларға қатысты автомобиль көлігі аясында мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

3-6) осы бірлескен бұйрыққа 3-6-қосымшаға сәйкес халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асыратын автомобильмен тасымалдаушыларға қатысты автомобиль көлігі аясында мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

3-7) осы бірлескен бұйрыққа 3-7-қосымшаға сәйкес техникалық қарап-тексеру операторларына қатысты автомобиль көлігі аясында мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

3-8) осы бірлескен бұйрыққа 3-8-қосымшаға сәйкес тез бұзылатын жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсететін автомобильмен тасымалдаушыларға қатысты автомобиль көлігі аясында мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

3-9) осы бірлескен бұйрыққа 3-9-қосымшаға сәйкес тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету, электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты автомобиль көлігі аясында мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

3-10) осы бірлескен бұйрыққа 3-10-қосымшаға сәйкес такси тасымалдаушылары мен таксидің ақпараттық-диспетчерлік қызметтеріне қатысты біліктілік және рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

3-11) осы бірлескен бұйрыққа 3-11-қосымшаға сәйкес автовокзалдарға, автостанцияларға және жолаушыларға қызмет көрсету пункттеріне қызмет көрсететін

адамдарға қатысты біліктілік және рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

3-12) осы бірлескен бұйрыққа 3-12-қосымшаға сәйкес жолаушылар мен багажды тасымалдау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын және (немесе) көрсететін автомобиль тасымалдаушыларына қатысты біліктілік және рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

3-13) осы бірлескен бұйрыққа 3-13-қосымшаға сәйкес қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын және (немесе) ұсынатын автомобиль тасымалдаушыларына қатысты біліктілік және рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

3-14) осы бірлескен бұйрыққа 3-14-қосымшаға сәйкес жүктерді тасымалдау, сондай-ақ ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын және (немесе) ұсынатын автомобиль тасымалдаушыларына қатысты біліктілік және рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

3-15) осы бірлескен бұйрыққа 3-15-қосымшаға сәйкес халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын автомобиль тасымалдаушыларына қатысты біліктілік және рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

3-16) техникалық байқау операторларына қатысты біліктілік және рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 3-16-қосымшаға сәйкес бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес тармақ иеленушілерге қатысты теміржол көлігі аясында мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

4-1) осы бірлескен бұйрыққа 4-1-қосымшаға сәйкес теміржол көлігінің көмекші қызметіне қатысты теміржол көлігі аясында мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

4-2) осы бірлескен бұйрыққа 4-2-қосымшаға сәйкес ұлттық инфрақұрылым операторына қатысты теміржол көлігі аясында мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

4-3) осы бірлескен бұйрыққа 4-3-қосымшаға сәйкес тасымалдаушыға қатысты теміржол көлігі аясында мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

4-4) осы бірлескен бұйрыққа 4-4-қосымшаға сәйкес локомотивтік тартқыш операторына қатысты теміржол көлігі аясында мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

4-5) осы бірлескен бұйрыққа 4-5-қосымшаға сәйкес теміржол вокзалдарына қатысты теміржол көлігі аясында мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

4-6) осы бірлескен бұйрыққа 4-6-қосымшаға сәйкес вагондар (контейнерлер) операторлар қатысты теміржол көлігі аясында мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

4-7) осы бірлескен бұйрыққа 4-7-қосымшаға сәйкес қалалық рельстік көлікке (метрополитен) қатысты теміржол көлігі аясында мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

4-8) осы бірлескен бұйрыққа 4-8-қосымшаға сәйкес рельстік қала көлігіне (трамвай) қатысты теміржол көлігі аясында мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес ішкі су жолдарында орналасқан кеме қатынасы су жолдарының және ішкі су жолдарындағы құрылыстардың иелеріне қатысты ішкі су көлігі аясында мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы тексеру парағы;

5-1) осы бірлескен бұйрыққа 5-1-қосымшаға сәйкес шағын көлемді кемелер тоқтауға арналған базалардың иелеріне қатысты ішкі су көлігі аясында мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы тексеру парағы;

б) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес порттар мен порт құрылыстарының иелеріне қатысты сауда мақсатында теңізде жүзу аясында мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы тексеру парағы;

6-1) осы бірлескен бұйрыққа 6-1-қосымшаға сәйкес шағын көлемді кемелер тоқтауға арналған базалардың иелеріне қатысты сауда мақсатында теңізде жүзу аясында мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы тексеру парағы бекітілсін.";

1, 2, 2-1, 2-2, 3, 3-1, 3-2, 3-3, 3-4, 3-5, 3-6, 3-7, 3-8, 3-9-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21-қосымшаларға сәйкес 3-10, 3-11, 3-12, 3-13, 3-14, 3-15, 3-16-қосымшалармен толықтырылсын;

4, 4-1, 4-2, 4-3, 4-4, 4-5, 4-6, 4-7, 4-8, 5, 5-1, 6, 6-1-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрі

А. Куантыров

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және инфрақұрылымдық  
даму министрі

М. Карабаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Бас прокуратурасының Құқықтық  
статистика және арнайы есепке алу  
жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрі  
2023 жылғы 2 мамырдағы  
№ 55 мен

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық  
даму министрінің  
2023 жылғы 28 сәуірдегі  
№ 304 Бірлескен бұйрыққа  
1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін  
атқарушының  
2015 жылғы 14 желтоқсандағы  
№ 1205 және

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 823 бірлескен бұйрығына  
1-қосымша

**Автомобиль көлігі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы автомобиль көлігі саласындағы бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5 және 6-тармақтарына және "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) және "Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту және "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 14 желтоқсандағы № 126 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31148 болып тіркелген) сәйкес әзірленген.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

2) деректерді қалыпқа келтіру-әртүрлі шкалаларда өлшенген мәндерді шартты жалпы шкалаға келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

3) тәуекел-бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, оның зардаптарының ауырлық дәрежесін ескере отырып, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;

4) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежелері бойынша бөлу жолымен қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын төмендетуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау процесі кейіннен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару және (немесе) кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі мүмкін дәрежесі мақсатында талаптарға сәйкестігін тексеру арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру үшін, бұл ретте жол берілетін деңгейді қамтамасыз ете отырып, тиісті қызмет салаларындағы тәуекел, сондай-ақ белгілі бір бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге және (немесе) осындай бақылау және қадағалау субъектісін (объектісін) субъектіге бара отырып профилактикалық бақылаудан босатуға бағытталған;

5) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі-объективті өлшемшарттар) - белгілі бір қызмет саласындағы тәуекел дәрежесіне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын және бақылау жекелеген субъектісіне (объектісіне) тікелей тәуелді болмайтын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

6) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары -бақылау субъектісінің тікелей қызметіне, салалық даму ерекшеліктеріне және осы дамуға әсер ететін факторларға байланысты, бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі-субъективті өлшемшарттар) - бақылаудың нақты субъектісі (объектісі) қызметінің нәтижелеріне қарай бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

8) тексеру парағы-бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптардың тізбесі, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіреді;

9) іріктеме жиынтығы (іріктеме) – Кодекстің 143-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың нақты саласындағы бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жататын бағаланатын субъектілердің (объектілердің) тізбесі.

## **2-тарау. Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі**

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару және (немесе) біліктілік және рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексеру арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біліктілік және рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады (шешімдерді көп өлшемді талдау).

Бірінші кезеңде объективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел.

Екінші кезеңде субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі) :

1) тәуекелдің жоғары дәрежесіне-тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ге дейін қоса алғанда;

2) тәуекелдің орташа дәрежесіне-тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ке дейін қоса алғанда.

4. Мәселенің ықтимал тәуекелі мен маңыздылығына, бұзушылықтың бірегейлігіне немесе жүйелілігіне, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптар бұзушылық дәрежесіне сәйкес келеді – өрескел, елеулі және елеусіз.

5. Тексеру жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары бақылау субъектілерінің (объектілерінің) талаптарына сәйкестігі мен профилактикалық бақылау объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

### **3-тарау. Объективті өлшемшарттар**

6. Автомобиль көлігі саласындағы объективті өлшемшарттарды айқындау тәуекелді айқындау арқылы жүзеге асырылады.

7. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары дәрежесіне мыналар жатады:

- 1) такси тасымалдаушылары және таксидің ақпараттық-диспетчерлік қызметтері;
- 2) жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін автомобиль тасымалдаушылары;
- 3) жүк жөнелтуші және (немесе) жүк алушы ретінде әрекет ететін адамдар;
- 4) қауіпті жүкті тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін автомобиль тасымалдаушылары;
- 5) ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін автомобиль тасымалдаушылары;
- 6) халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын автомобиль тасымалдаушылары;
- 7) Автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері қызметтерін көрсететін тұлғалар;
- 8) техникалық байқау операторлары.

Тәуекелдің орташа дәрежесіне мыналар жатады:

- 1) тез бұзылатын жүктерді тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін автомобиль тасымалдаушылары;
- 2) тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғалар;
- 3) электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын адамдар.

Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілері (объектілері) қызметінің салалары үшін біліктілік және рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізудің жиілігі жылына бір ретті құрайды.



Тәуекелдің орташа дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілері (объектілері) қызметінің салалары үшін біліктілік және рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексерулер жүргізудің жиілігі екі жылда бір ретті құрайды.

8. Жоғары және орташа тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызмет салалары үшін біліктілік және рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексеру, Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау, Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Тәуекелдің жоғары және орташа дәрежелеріне жатқызылған бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жиілігін жылына екі реттен жиі еместі құрайды.

#### **4-тарау. Субъективті өлшемшарттар**

9. Субъективті өлшемшарттарды анықтау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

- 1) дерекқорын қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

10. Бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін дерекқорын базасын қалыптастыру және ақпарат жинау қажет.

Кәсіпкерлік субъектілерін іріктеу үшін профилактикалық бақылау жүргізу кезінде мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

- 1) уәкілетті мемлекеттік органдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері;
- 2) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар (анықтама, қорытынды, ұсынымдар).

Біліктілік және рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу кезінде кәсіпкерлік субъектілерін іріктеу үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

- 1) уәкілетті мемлекеттік органдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері;
- 3) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (ұсыныс).

11. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде профилактикалық бақылау және біліктілік және рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеру жүргізу кезінде осы Өлшемшарттарға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес бағалауға жататын субъективті өлшемшарттар қалыптастырылады.

Талдау және бағалау кезінде бақылаудың нақты субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Өткен профилактикалық бақылаудың қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілері мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне кестелер мен тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізілмейді.

12. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдылығын және субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығын негізге ала отырып, осы Өлшемшарттардың 7-тарауында айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес 0-ден 100 балға дейінгі шкала бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші есептеледі.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығы және субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы осы Өлшемшарттарға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындау үшін субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес Автомобиль көлігіне тиісті саласының ерекшелігін ескере отырып, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында белгіленеді.

Субъективті өлшемшарттардың көрсеткіштері Автомобиль көлігі әрбір саласындағы бақылау субъектілерінің (объектілерінің) әрбір біртекті тобы үшін айқындалады. Субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы бойынша үлес салмағы Автомобиль көлігі әрбір саласындағы бақылау субъектілерінің (объектілерінің) әрбір біртекті тобы үшін тәуекелді бағалаудағы көрсеткіштің маңыздылығына байланысты айқындалады.

13. Біліктілік және рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеру Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің 144-бабына сәйкес қалыптастырылатын кесте негізінде жүргізіледі.

Бақылау субъектісіне барумен профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 144-2-бабына сәйкес қалыптастырылатын жартыжылдық тізімдер негізінде жүргізіледі.

## **5-тарау. Тәуекелдерді басқару**

14. Бақылаудың адал субъектілерін көтермелеу және бақылауды бұзушыларға шоғырландыру қағидатын іске асыру мақсатында бақылау субъектілері (объектілері) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттарымен айқындалатын кезеңге бақылау субъектісіне (объектісіне) және (немесе) біліктілік және рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеруге бара отырып, профилактикалық бақылау жүргізуден босатылады.

15. Субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері) тәуекел дәрежесі жоғары ақпараттық жүйені қолдана отырып тәуекелдің орташа дәрежесіне немесе тәуекелдің орташа дәрежесінен бақылау субъектілері қызметінің тиісті салаларында тәуекелдің төмен дәрежесіне ауыстырылады.

1) егер мұндай субъектілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен үшінші тұлғалар алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасасса;

2) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында бақылау субъектісіне (объектісіне) барып немесе талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізе отырып, профилактикалық бақылаудан босату жағдайлары айқындалса;

3) Егер субъектілер өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы келісім жасалған "өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері болып табылса.

16. Бақылау субъектісіне (объектісіне) барып, профилактикалық бақылаудан босату және (немесе) біліктілік және рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу мақсатында жұмсартатын индикаторлар ескеріледі.

Жұмсартқыш индикаторларға мыналар жатады:

1) деректерді онлайн-режимде бере отырып, аудио және (немесе) бейне тіркеудің болуы;

2) мемлекеттік органдардың жүйелеріне деректерді беру бойынша датчиктер мен тіркеуші құрылғылардың болуы (су датчиктері, атмосфераға шығарындыларды тіркеу датчиктері).

Бұл ретте бақылау субъектісіне (объектісіне) бару және (немесе) талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу арқылы профилактикалық бақылаудан босату олар бойынша деректер жеңілдететін индикаторларда көрсетілген тәсілдермен алынған талаптар бөлігінде жүзеге асырылады.

**6-тарау. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ерекшелік пен құпиялылықты ескере отырып, ақпараттық жүйелерді пайдаланатын мемлекеттік органдар үшін тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру ерекшеліктері**

17. Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі Бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу кестелерін немесе тізімдерін қалыптастыратын Ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқау қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) біліктілік және рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеру жүзеге асырылатын

бақылау субъектілері (объектілері) санының ең төменгі жол берілетін шегі мемлекеттік бақылаудың белгілі бір саласындағы осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауға тиіс.

## **7-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін есептеу тәртібі**

18. Осы Өлшемшарттардың 3-тармағына сәйкес бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Мемлекеттік орган осы Өлшемшарттардың 10-тармағына сәйкес көздерден субъективті өлшемшарттар бойынша ақпарат жинайды және деректер базасын қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша осы Өлшемшарттардың (SC) 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$R_{арал} = SP + SC$ , мұнда

Rарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – осы Өлшемшарттардың 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есеп мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың әрбір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылау бір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды.

19. Алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы Өлшемшарттардың 10-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру немесе бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7, \text{ мұнда}$$

$SP_3$  – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$SP_1$  – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$SP_2$  – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_n = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3, \text{ мұнда}$$

$SP_n$  – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

$SP_1$  – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$SP_2$  – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші ( $SP$ ) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_n, \text{ мұнда}$$

$SP$  – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

$SP_3$  – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$SP_n$  – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

20. Осы Өлшемшарттардың 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i,$$

мұнда:

$x_i$  - субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

$w_i$  - субъективті өлшем көрсеткішінің үлес салмағы  $x_i$

$n$  – көрсеткіштер саны.

Осы Өлшемшарттардың 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

21. R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\text{min}}}{R_{\text{max}} - R_{\text{min}}}$$

мұнда:

R – бақылау және қадағалау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

R<sub>max</sub> – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

R<sub>min</sub> – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

R<sub>арал</sub> – осы Өлшемшарттардың 18-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

## 8-тарау. Тексеру парақтары

22. Тексеру парақтары бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті топтары үшін жасалады және Кодекстің 132-бабының 2-тармағына сәйкес және Кодекстің 143-бабының 2-тармағында айқындалған шарттарды сақтай отырып талаптарды қамтиды.

23. Біртекті топтар бақылау субъектілері (объектілері) жүзеге асыратын қызмет түрлері бойынша да, тіркеу нысаны бойынша да (заңды тұлғалар, жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер) бөлінеді.

Автомобиль көлігі саласындағы  
тәуекелдер дәрежесін бағалау  
өлшемшарттарына  
1-қосымша

**Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау жүргізу үшін автомобиль көлігі саласындағы бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қойылатын талаптардың бұзылу дәрежесі**

№	Өлшемшарттардың атауы	Бұзушылықтар дәрежесі

1.	Таксилерді тасымалдау үшін арнайы басқарылатын, оның ішінде толық қолмен, оң жақ рульмен басқарылатын, сондай-ақ төрт есіктен аз бүйір есіктері бар автокөлік құралдарын пайдалану	өрескел
2.	Такси тасымалдаушысының автокөлік құралдарын рейс алдындағы техникалық куәландырудан, сондай-ақ жоғары немесе орта медициналық білімі туралы дипломы бар, профилактикалық медициналық қарап-тексеруді жүзеге асыруға шарт жасалған адамның такси жүргізушілерін рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық қарап-тексеруден өтуін қамтамасыз етпеуі	өрескел
3.	Такси ақаулы болған жағдайда оны уактылы ауыстырмау	өрескел
4.	Такси салоньнда жолаушылардың көз алдында фотосуреті, Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) көрсетілген жүргізушінің визит карточкасының, сондай-ақ: тасымалдаушының ресми атауы, оның мекенжайы мен телефон нөмірі және 1 километрге дейінгі жол жүру құны, сондай-ақ таксометр болған кезде жол жүрудің кейінгі қашықтығы үшін жол жүру құны көрсетілген ақпараттық таблоның болуы	елеулі емес
5.	Такси жүргізушілерінің еңбек және демалыс режимін сақтауды қамтамасыз етпеу	өрескел
6.	Жолаушылар мен багажды тасымалдау үшін бірыңғай түсті гаммада сырттай ресімделмеген таксилерді жеңіл автомобильдің бүйір жақтарының бүкіл ұзындығы бойынша бір деңгейде жағу жолымен пайдалану, оның шанағының түсін шахмат тәртібінде орналасқан, биіктігі кемінде 10 және 14 аспайтын қара және (немесе) сары квадраттардан тұратын такси Тасымалдаушының өзі айқындайды сантиметр	елеулі емес
	Такси жабдықтары шатырда орналасқан және 500 метрге	

7.	дейінгі қашықтықтан айқын көрінетін сәйкестендіру белгісімен жабдықталады. Таксиде "Т" (такси ) деген жазуы бар сәйкестендіру белгісінің және/немесе тәуліктің қараңғы уақытында тән дойбы белдеуінің және жарықтандырғыштың болмауы	елеулі емес
8.	Тасымалдаушы болып табылмайтын тұлға құратын таксидің ақпараттық-диспетчерлік қызметімен клиенттердің тапсырыстарының есебін жүргізуді және оларды такси жүргізушісіне қағаз немесе электрондық нысанда беруді қамтамасыз ету	елеулі
9.	Ресімделген жол құжаттамасының болуы	елеулі
10.	Өзге тұлға құратын таксидің ақпараттық-диспетчерлік қызметінде такси тасымалдаушысы ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама берген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың тізіліміне енгізілген такси тасымалдаушыларымен ақпараттық-диспетчерлік қызмет көрсету бойынша жасалған шарттың болуы	өрескел
11.	Автовокзалдар мен автостанцияларда автобустар мен шағын автобустардың тұрағына арналған алаңның болуы	өрескел
12.	Автовокзалдар мен автостанцияларда жолаушыларға арналған күту залының болуы	өрескел
13.	Автовокзалдар мен автостанцияларда билет кассаларының болуы	елеулі
14.	Автовокзалдар мен автостанцияларда багажды сақтау камерасының (камерасының) болуы	елеулі
15.	Автовокзалдарда ана мен бала бөлмесінің болуы	елеулі
	Автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің әкімшілігі қызметтің	



16.	осы түріне жіберген жолаушылар мен багажды тасымалдаушылармен жасалған шарттың болуы	өрескел
17.	Автовокзалдардың ( автостанциялардың, жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің) аумақтарынан және жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылардың жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттары бойынша жолаушылар отырғызуды жүргізу	өрескел
18.	Автовокзалдар мен автостанцияларда диспетчерлік пункттердің болуы	өрескел
19.	Автовокзалдар мен автостанцияларда персонал мен жолаушыларға арналған санитарлық-тұрмыстық үй-жайлардың болуы	елеулі
20.	Автовокзалдар мен автостанцияларда жүргізушілердің демалуына арналған қызметтік үй жайлардың болуы	өрескел
21.	Автовокзалдарда қоғамдық тамақтану пункттерінің болуы	елеулі емес
22.	Автобустар мен шағын автобустарды қарау үшін автовокзалдарда бекеттердің болуы	өрескел
23.	Автовокзалдарда қоғамдық тәртіпті қорғау пункттерінің болуы	елеулі
24.	Автовокзалдарда медициналық көмек пункттері мен дәріхана дүңгіршектерінің болуы	елеулі
25.	Автовокзалдарда Интернет желісіне сымсыз кіру нүктесінің болуы	елеулі емес
26.	Автовокзалдарда жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттерінде, жолаушыларға арналған күту залында, автобустар	елеулі емес

	мен шағын автобустардың тұрағына арналған алаңдарда бейнебақылау болуы	
27.	Автовокзалдарда діни рәсімдер жасауға арналған бөлменің болуы	елеулі емес
28.	Автовокзалдардың бес мың шаршы метрден аз аумақта, автостанциялардың екі жарым мың шаршы метрден аз аумақта орналасуы	өрескел
29.	Жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің құрамында: жолаушыларды қауіпсіз отырғызуға және түсіруге, багажды тиеуге және түсіруге арналған алаңның болуы	өрескел
30.	Жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің құрамында: жолаушыларды әртүрлі ауа райы жағдайларынан қорғауға арналған құрылыстардың болуы	елеулі емес
31.	Автовокзалдарда жолаушылар мен багажды тұрақты қалааралық облысаралық тасымалдау маршруттарында жұмыс істейтін автобустар, шағын автобустар жүргізушілерінің демалуына ( ұйықтауына) арналған арнайы жабдықталған үй-жайлардың болуы, Еңбек және демалыс режимінің шарттары бойынша олар тұрақты тұратын жері бойынша демалуға мәжбүр болған жағдайда. Жүргізушілердің демалыс бөлмелерінде суық және ыстық суы бар душ, күндізгі демалысты қамтамасыз ету үшін көлеңкелі перделердің болуы.	елеулі
32.	Тасымалдаушылар мен автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің әкімшілігі арасында жасалатын шарт жасаспай, жолаушылар мен багажды тұрақты халықаралық, қалааралық облысаралық, ауданаралық, ауданішілік және қала маңындағы автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушылардың автовокзалдарына,	өрескел

	автостанцияларына және жолаушыларға қызмет көрсету пункттеріне қызмет көрсету.	
33.	Автовокзалдарда, автостанцияларда және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінде жолаушыларды автобустардың қозғалысы ( автобустардың, шағын автобустардың қозғалыс кестесі), жол жүру және бағажды тасымалдау және көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша нақты, толық және уақтылы ақпаратпен қамтамасыз етуге арналған анықтамалық-ақпараттық қызметтің жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету. Көрнекі анықтама, дауыс зорайтқыш байланыс және ауызша анықтама арқылы жолаушыларды ақпараттық қамтамасыз ету	елеулі
34.	Автовокзалдармен, автостанциялармен, жолаушыларға қызмет көрсету пункттерімен және кассалық пункттермен жолаушыларды тұрақты емес тасымалдауға жол жүру құжаттарын (билеттерін) сату	елеулі
35.	Автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің жолаушылар мен бағажды тұрақты халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыратын автобустар мен шағын автобустардың рейстеріне жол жүру құжаттарын (билеттерін ) Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан елді мекендер арасындағы жол жүруге сатуы	өрескел
36.	Жол жүру құжаттарын (билеттерін ) алдын ала сату, оның ішінде билетті сатып алуға тапсырысты ресімдеу автобус, шағын автобус жөнелтілгенге дейін күнтізбелік 30 күннен бұрын және автобус, шағын автобус жөнелтілгенге дейін 24 сағат ішінде	елеулі емес

37.	Автобус, шағын автобус жөнелтілгенге дейін 5 минут ішінде жол жүру құжаттарын (билеттерін) ағымдағы сатуды жүзеге асыру	елеулі емес
38.	Талап етілмеген бағажды сақтау камерасында алты ай бойы сақтауды қамтамасыз ету. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін талап етілмеген бағажды жоймау	елеулі емес
39.	Өзінің қасиеттері бойынша басқа жолаушылардың заттарын ластайтын немесе зақымдайтын заттарды, сондай-ақ отқа қауіпті, жарылғыш, улы, улы, каустикалық және сасық иісті заттарды сақтауға қабылдау	өрескел
40.	Бағаж иесіне: сақтау камерасының деректемелерін, бағаж иесінің күнін, тегін, атын және әкесінің атын (бар болса), сақтауға қабылданған бағаж орындарының санын, бағаждың жарияланған құнын сақтау мерзімін (иесінің қалауы бойынша), бағажды сақтағаны үшін төлемақы сомасын, бағажды орау ақауларын (бар болса) көрсете отырып, түбіртектегі жазбау бағажды Автоматты емес сақтау камерасына тапсырған кезде	елеулі емес
41.	Жолаушылар мен бағажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушының рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық қарап тексеруді жүргізу, автокөлік құралдары жүргізушілерінің еңбек және демалыс режимін сақтау жөніндегі міндеттерді орындауы	өрескел
42.	Жолаушылар мен бағажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушының азаматтардың жекелеген санаттарын тегін алып жүру немесе оларға жол ақысын төлеу бойынша өзге де жеңілдіктер беру жөніндегі міндеттерді орындауы	елеулі

43.	Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушының тасымалдауды ұйымдастырушыға ақпарат бере отырып, жылдамдық, маршрутты және қозғалыс кестесін сақтау туралы нақты уақыт режимінде деректерді үздіксіз беру құрылғыларымен автокөлік құралын жабдықтау жөніндегі міндеттерді орындауы	өрескел
44.	Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушының жолаушылар мен багажды тасымалдауға тарифтерді жариялау, оларды шарттарда, жол жүру құжатында (билетте) және багаж түбіртегінде тіркеу жөніндегі міндеттерді сақтауы	елеулі
45.	Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушыда рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық байқаудан және автокөлік құралын техникалық байқаудан өткені туралы белгісі бар борттық журналдың болуы	өрескел
46.	Тапсырыс беруші мен тасымалдаушы арасында жазбаша нысанда жасалған республикаішілік қатынаста тұрақты емес тасымалдар кезінде жолаушылар мен багажды тасымалдау шартының болуы	өрескел
47.	Жиырма жасқа толмаған және "D1" кіші санаттағы көлік құралдарын басқаруға құқығы жоқ және жүргізуші ретінде кемінде үш жыл жұмыс өтілі, оның ішінде "C" санатына жататын көлік құралдарын басқару өтілі кемінде бір жыл жүргізушілерді шағын автобустармен тасымалдауға жол бермеу. Жүргізушінің орнынан басқа он алты отыратын орны жоқ автобустармен және жүргізушінің кемінде бес жыл жұмыс өтілі жоқ жиырма бес жасқа толмаған, оның	өрескел

	ішінде "D1" кіші санатына жататын көлік құралдарын басқару өтілі үш жылдан кем емес жүргізушілердің троллейбустарымен жолаушыларды тасымалдауға жол бермеу	
48.	Балалардың ұйымдастырылған топтарын сары түсті жаркылдауық маякпен жабдықталмаған автобустарда тасымалдау	елеулі
49.	Балалардың ұйымдастырылған топтарын автобустарда, алдыңғы және артқы жағында "балаларды тасымалдау" айырым белгілерін белгілемей тасымалдау	елеулі
50.	Тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі бар және жүргізуші ретінде бес жылдан кем жұмыс өтілі бар жиырма бес жастан кіші жүргізушілердің ұйымдастырылған балалар топтарын тасымалдауды жүзеге асыру	өрескел
51.	Автомобильмен тасымалдау кезінде екі есіктен кем автобустардың ұйымдастырылған балалар тобын пайдалану	елеулі
52.	Автокөлік құралдарын рейс алдындағы техникалық қарап тексеруді және жүргізушілерді рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық қарап тексеруді жүргізу үшін қызметтер мен білікті персоналдың болмауы не сәйкес келмеуі не тиісті ұйымдармен шарттардың болмауы	елеулі
53.	Жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылардың автобустар, шағын автобустар, троллейбустар ақаулы болған жағдайда оларды уақтылы ауыстыру жөніндегі міндеттерді орындамауы.	өрескел
54.	Жылжымалы құрамның, жөндеу және өндірістік базаның, техникалық құралдардың, тиеу-түсіру тетіктерінің, бақылау-өлшеу аппаратурасының,	өрескел

	жабдықталған қызметтік үй-жайдың сәйкестігі не тиісті ұйымдармен шарттардың болуы	
55.	<p>Автобустарды пайдалану:</p> <p>1) жүргізушілердің (тахографтардың) Еңбек және демалыс режимін тіркеудің бақылау құрылғыларынсыз;</p> <p>2) жарамды тахограф өшірулі;</p> <p>3) толтырылмаған диаграмма дискілерімен;</p> <p>4) бұрын қолданылған диаграмма дискілерін қолдана отырып;</p> <p>5) электрондық (цифрлық) тахографтар қолданылған жағдайда электрондық карточкаларды пайдаланбай;</p> <p>6) жолаушылар мен багажды халықаралық автомобильмен тасымалдауды, жолаушылар мен багажды қалааралық облысаралық тұрақты автомобильмен тасымалдауды, жолаушылар мен багажды қалааралық облысаралық, ауданаралық (облысішілік қалааралық) тұрақты емес автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде жүргізушілердің еңбек және демалыс режимінің (бақылау құрылғысы ақаулы болған жағдайда) күнделікті тіркеу парақтарын жүргізбей</p>	өрескел
56.	Автобустарда жүкті, оның ішінде багажды багаж бөлімшесінен тыс тасымалдау	өрескел
57.	Халықаралық қатынаста жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының аумағындағы пункттер арасында жолаушыларды тасымалдау	елеулі
58.	Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген автокөлік құралдарымен тасымалдауды қоспағанда, шет мемлекеттің аумағында тіркелген автокөлік құралдарымен, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан пункттер арасында жолаушыларды, багажды, жүктерді тасымалдау	өрескел

	жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру	
59.	Тасымалдаушының әрбір жүргізушінің толтырылған диаграмма дискілерін соңғы жазба және тахографтарды тексеру туралы сертификаттар және тахографты мерзімді тексеру туралы куәліктер берілген күннен бастап бір жыл ішінде кемінде 12 ай бойы сақтауын қамтамасыз ету	елеулі емес
60.	Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде тасымалдаушының автокөлік құралында ауысымға немесе рейске тасымалдаушы ресімдейтін жол парағының болуын жүргізушінің рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық куәландырудан және автокөлік құралын техникалық байқаудан өткені туралы белгілермен қамтамасыз ету	елеулі
61.	Нақты уақыт режимінде тасымалдауды ұйымдастырушыға ақпарат бере отырып, спутниктік навигация аппаратурасымен жабдықталмаған автокөлік құралдарын жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде пайдалану	елеулі
62.	1, 6 және 7-сыныпты қауіпті жүктерді тасымалдайтын автокөлік құралдарында жылдамдық, қозғалыс маршрутының сақталуы туралы нақты уақыт режимінде деректерді үздіксіз беру құрылғысының болуы	өрескел
63.	Автокөлік құралымен қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізушілердің мынадай талаптарға сәйкестігі: 1) тиісті санаттағы көлік құралын басқаруға арналған куәліктің болуы; 2) осы санаттағы көлік құралының жүргізушісі ретінде кемінде үш жыл үздіксіз жұмыс өтілінің болуы;	өрескел



	<p>3) жол парағында белгісі бар кәсіби жүргізушілер үшін жалпы медициналық куәландырудан және рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық байқаудан өту;</p> <p>4) жүргізушіні қауіпті жүкті тасымалдауға жіберу туралы куәліктің болуы</p>	
64.	<p>Қауіпті жүктерді автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде жүк, оның ішінде мамандандырылған автомобильдерді пайдалану:</p> <p>1) жүргізушілердің (тахографтардың) Еңбек және демалыс режимін тіркеудің бақылау құрылғыларынсыз;</p> <p>2) жарамды тахограф өшірулі;</p> <p>3) толтырылмаған диаграмма дискілерімен;</p> <p>4) бұрын қолданылған диаграмма дискілерін қолдана отырып;</p> <p>5) электрондық (цифрлық) тахографтар қолданылған жағдайда электрондық карточкаларды пайдаланбай;</p> <p>6) жүргізушілердің еңбек және демалыс режимінің күнделікті тіркеу парақтарын жүргізбей (бақылау құрылғысы ақаулы болған жағдайда)</p>	өрескел
	<p>Қауіпті жүкті тасымалдау кезінде мынадай ілеспе құжаттардың болуы:</p> <p>1) автокөлік құралына тіркеу құжаттары;</p> <p>2) көлік құжаттарын басқарудың бірыңғай жүйесінде тіркелгенді қоспағанда, тасымалдау маршруты көрсетілген, "Қауіпті жүк" белгісі бар жол парағы;</p> <p>3) жүргізушіге арналған нұсқаулық;</p> <p>4) жүргізушіге Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қауіпті жүкті тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлік;</p> <p>5) Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға рұқсат етілетін қауіпті жүктер</p>	

65.	<p>тізбесіне сәйкес 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдау маршрутының бланкісі;</p> <p>6) көлік құжаттарын басқарудың бірыңғай жүйесінде тіркелгенді қоспағанда, тауар-көлік жүкқұжаты;</p> <p>7) жүк жөнелтуші әзірлеген авариялық жағдайдағы іс-қимыл жоспары;</p> <p>8) қозғалыс маршруты бойынша орналасқан тасымалдаушының, жүк жөнелтушінің, жүк алушының, көлікті қауіпсіз пайдаланудың, жол жүрісі қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылау жөніндегі, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың мекенжайлары мен телефондары.</p>	өрескел
66.	<p>Тасымалдаушының қауіпті жүкті тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізуші үшін рейс алдындағы нұсқама жүргізуін қамтамасыз ету</p>	елеулі
260.	Локомотивтерде және моторлы-вагонды жылжымалы құрамда орнатылған манометрлерге, сақтандырғыш клапандарға, сондай-ақ электр энергиясы мен отынның жұмсалуды тіркейтін аппараттар мен аспаптарға пломба салу	өрескел
261.	Иінтіректік тежегіш берілістің ажырауы немесе омырылуы габариттен шығып кетуге немесе жолға түсіп қалуға алып келуі мүмкін барлық бөліктерінің сақтандырғыш құрылғыларының болмауы	өрескел
262.	Техникалық және бағдарламалық құралдар жұмысқа қабілетті және белсенді күйде тұрақты ұсталуын, талап етілетін сенімділік пен нақтылықты қамтамасыз ету	өрескел



263.	Жаңа қызмет ету мерзімі күрделі жөндеу (бұдан әрі – КЖ) орындалғаннан кейін де, күшейтілген көлемдегі техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі - ТҚК-8), техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі - ТҚ-8), жаңғыртудан, жол машиналарымен және механизмдерімен жұмыс істеу үшін қайта жабдықтаудан, сондай-ақ жолаушыларды тасымалдауға қатыспайтын жылжымалы құрамды қайта жабдықтаудан кейін де белгіленуі	өрескел
264.	Жөндеу жұмыстарын жүргізгеннен кейін КЖ, ТҚК-8, ТҚ-8 немесе жаңғыртудан өткен тартқыш жылжымалы құрамға белгіленген жаңа қызмет мерзімінің нормативтеріне сәйкес ТЖҚ жаңа белгіленген қызмет ету мерзімі қабылдануы.	өрескел
265.	Теміржол вокзалында халық жолаушылар поездарының жөнелтілу және келу уақыттары, жолаушылардың жол жүру және багажды, жүк-багажды тасымалдау құны, поездарда бос орындардың болуы, шұғыл медициналық көмек, шағымдар мен ұсыныстар кітапшасының тұрған орны туралы, билет және багаж кассаларының жұмыс режимі, вокзал үй-жайларының орналасуы, сондай-ақ халыққа көрсетілетін қызметтер тізбесі туралы шынайы ақпаратпен камтамасыз етілмеуі	елеулі
266.	Халыққа қызмет көрсетуге арналған вокзал құрылыстары жарамды техникалық жай-күйде ұстамауы	елеулі
267.	Жолаушыларға қызмет көрсетуге тағайындалған үй-жайларды басқа мақсаттар үшін қолдануы	елеулі
268.	Жолаушылар және жүк поездарының қозғалысы аралас желілерде орналасқан жолаушылар және жүк платформалары түзу учаскелерде биіктігі және жол осінен қашықтығы бойынша 1100 мм. –	өрескел

	рельстер қалпақшаларының үстіңгі деңгейінен биік платформаларға сәйкес болмауы	
269.	Жолаушылар және жүк поездарының қозғалысы аралас желілерде орналасқан жолаушылар және жүк платформалары түзу учаскелерде биіктігі және жол осінен қашықтығы бойынша 200 мм. - рельстер қалпақшаларының үстіңгі деңгейінен төмен платформалар үшін болмауы	өрескел
270.	Жолаушылар және жүк поездарының қозғалысы аралас желілерде орналасқан жолаушылар және жүк платформалары түзу учаскелерде биіктігі және жол осінен қашықтығы бойынша мына нормаларға сәйкес 1920 мм. – жол осінен биік платформаларға сәйкес болмауы	өрескел
271.	Жолаушылар және жүк поездарының қозғалысы аралас желілерде орналасқан жолаушылар және жүк платформалары түзу учаскелерде биіктігі және жол осінен қашықтығы бойынша мына нормаларға сәйкес 1745 мм. - жол осінен төмен платформаларлар үшін болмауы	өрескел
272.	Пайдалану барысында осы тармақта көрсетілген нормалардың жол осінен қашықтық бойынша ұлғаюы жағына қарай 30 мм. дейін және азаю жағына қарай 25 мм. дейін шекте өзгеруіне рұқсат етіледі	өрескел
273.	Теміржол вокзалында билет кассаларының, күтуге арналған үй-жайлардың, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлардың, оның ішінде мүгедектігі бар адамдар және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін арнайы жабдықталған үй-жайлардың, амен бала бөлмесінің, ақпараттық қызмет көрсету объектілерінің (оның ішінде жолаушыларды бірыңғай	елеулі

	анықтамалық-ақпараттық орталықпен байланыстыратын объектілер), медициналық пункттің, қоғамдық тәртіпті қорғау пункттің болмауы	
274.	Кластан тыс және I-ші кластағы теміржол вокзалдарында қосымша қол жүгін сақтау камерасы, транзиттік жолаушылардың ұзақ демалатын бөлмелері, тамақтану орындары, шаштараз, дүкендер, сауда дүңгіршіктері, пошта бөлімі, ақша айырбастау орны, дәріхана, банкомат, төлем терминалдары, интернет (WI-FI) болмауы	елеулі
275.	Күту залдары перронға шығатын кіреберіске жақын орналаспауы. Не обеспечение расположения залов ожидания близко к выходам на перрон	елеулі
276.	Теміржол вокзалдарында медициналық пункттердің болуын медициналық қызметпен айналысуға лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу арқылы вокзал иелері қамтамасыз етілмеуі	елеулі
277.	Тасымалдау процесімен байланысты анықтама-ақпараттық қызметтер тұрғындарға ақпараттық стендтер, табло арқылы көзбен шолу ақпараты арқылы жолаушылар және қала маңы поездарының келуі және жүруі туралы ақпарат, жолаушылар және қала маңы поездарының жүру кестесі, жолаушылар және қала маңы тасымалын орындайтын тасымалдаушылар туралы мәліметтер, теміржол вокзалындағы жолаушылардың құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат тегін көрсетілмеуі	елеулі
278.	Тасымалдау процесімен байланысты анықтама-ақпараттық қызметтер тұрғындарға ақпараттық қызмет бойынша ауызша және (немесе) радиотрансляциялық ақпарат арқылы, жолаушылар және қала маңы поезының нақты келу, жүру және (немесе) бөгелу уақыты,	елеулі

	жолаушылар және қала маңы поезының берілетін және жүретін жолы туралы тегін көрсетілмеуі	
279.	Перронда жолаушыларды поезд вагондарына қауіпсіз отырғызуды/ түсіруді ұйымдастырылады. Жолаушылар және қала маңы поезддарының кешігуі туралы актілерді жасамауы	елеулі
280.	Жолаушылар және қала маңы поезддарының кешігуі туралы актілерді жасамауы	елеулі
281.	Күту залдарында поездың келуін күту қамтамасыз етпеуі	елеулі
282.	Жолаушыларға қызмет көрсетумен және тасымалдаумен байланысты қызметтер көрсету үшін үй-жайлар ұсынбауы	елеулі
283.	Вокзал ғимаратына, перрондарға кіретін/шығатын өтпелерді, отырғызу платформаларын, жаяу жүргінші көпірлерін, төсеніштерді, тоннельдерді қол жүгімен, багажбен, басқа заттармен бөгеуі	елеулі
284.	Жолаушыларға қызмет көрсетуге арналған үй-жайларды оларға қызмет етумен байланысты емес максаттар үшін пайдалануы	елеулі
285.	Медициналық пункттер бірінші қабатта орналастырылады және перрондарға, вокзал маңындағы алаңдарға және жолаушылардың күту залдарына еркін кіруі	елеулі
286.	Вокзал ғимаратына кіру/шығу және вокзал аумағында жолаушылардың (тұрғындардың) еркін қозғалуына вокзал перрондарында павильондар мен дүңгіршектерді жолдан кемінде 2,5 м. кедергі келтірмейтін орындарда орналасуы	елеулі
287.	Жолаушыларға арналған, жолаушылар платформалар мен құрылыстарға қараңғы уақыт тәулігінде жарық түсірудің болмауы	елеулі
	Теміржол вокзалының иесі жолаушыларға жалпы пайдаланылатын үй-жайларға (ақылы қызметтер көрсетуге арналған үй-жайлардан басқа,	

288.	фойеге, күту залдарына, касса залына, жерасты өтпелеріне, жолаушылар платформаларына ( перрондарға), қоғамдық дәретханаларға және т.б.) ақысыз кіруді қамтамасыз етпеуі	елеулі
289.	Жылжымалы құрам және АЖҚ белгіленген мерзімде жоспарлы-ескерту жөндеу түрлерінен, техникалық және сервистік қызмет көрсетпеуі	өрескел
290.	Ақаулықтардың ең болмағанда біреуі болғанда, жылжымалы құрамды: пневматикалық, электрлі, тұрақталған немесе қол тежегішінің ақаулығы пайдалануға жол берілмейді	өрескел
291.	Ақаулықтардың ең болмағанда біреуі болғанда, жылжымалы құрамды автотіркегіш құрылғыларының ақаулығы пайдалануға жол берілмейді	өрескел
292.	Жылжымалы құрамды сигнал беру аспаптарының, жылдамдық өлшеуіштің ақаулығы пайдалануға жол берілмейді	өрескел
293.	Жылжымалы құрамды автотоқтау құрылғысының ақаулығы пайдалануға жол берілмейді	өрескел
294.	Жылжымалы құрамды поезддық радиобайланыстың, дауыс зорайтқыш хабарлағыштың, " жолаушы-машинист" шұғыл байланысы құрылғыларының ақаулығы пайдалануға жол берілмейді	өрескел
295.	Қауіпсіздік аспаптарының пломбалары жоқ арбаша рамасында және вагон асты жабдығының басқа да бөлшектерінде жарығы бар немесе сынған, сондай-ақ тексергенге және пайдалануға беруге жарамды деп танылғанға дейін рельстен шыққан немесе соқтығысқан электр жылжымалы құрамды пайдалануға жіберілмейді	өрескел
296.	Электр поезддар өрт сөндіру құралдарымен, аспаптар жиынтығымен және басқа да қажетті құрал-саймандармен жабдықталмауы	өрескел

297.	Машиниске жұмыс жағдайындағы электр жылжымалы құрамды, оған қызмет көрсету ережелерін және оны қалай тоқтатуды білетін жұмыскердің бақылауынсыз қалдыруға жол бермейді	өрескел
298.	Электр жылжымалы құрам машинисінің әрбір кабинасы кран немесе жедел тежеуге арналған кнопкамен, ал вагонның қарама-қарсы бөлігінде – орындықтың арқа жағында қысқартылған штангасы және тұтқасы бар тоқтату кранымен жабдықталмауы	өрескел
299.	Машинистің кабинасы жоқ вагонында тоқтатқыш крандар орындықтардың арқасының артынан вагонның екі артқы бөлігінде орнастырылмауы	өрескел
300.	Локомотивтерді тасымалдауға арналған арнайы жылжымалы құрам тоқтату крандарымен жабдықталмауы	өрескел
301.	Доңғалақ жұптарының мынадай тозулары мен зақымданулары болған кезде жылжымалы құрамды доңғалақ жұптары осінің кез келген бөлігінде сызат немесе электрлік тұтану пайдалануға жіберілуі	өрескел
302.	Резеңкелі доңғалақ жұптары үшін домалау шеңбері бойынша біркелкі желіну 3 мм. аса, тұтастай илемделген доңғалақ жұптары үшін 5 мм. аса, сондай-ақ доңғалақтардың желіну айырмашылығымен бір доңғалақ жұбы үшін 2 мм. астам болғанда пайдалануға жіберілуі	өрескел
303.	Үзілген клапандармен орнатылған доңғалақ жұптары үшін домалау шеңбері бойынша әркелкі желіну – 0,5 мм. аса, басқа доңғалақ жұптары үшін - 0,7 мм.-ден астам болса пайдалануға жіберілуі	өрескел
304.	Жалдың қалыңдығы – 33 мм.-ден астам немесе жалдың басынан 18 мм. қашықтықтан өлшеген кезде 25 мм.-ден аз болғанда пайдалануға жіберілуі	өрескел

305.	Жалдың арнаулы шаблонымен және үшкір төсемімен өлшенетін биіктіктегі жалдың тік қиюы 18 мм.-ден астам болғанда, пайдалануға жіберілуі	өрескел
306.	Домалау беті бойынша ойық (шұңқыр) тереңдігі 0,3 мм.астам болғанда пайдалануға жіберілуі	өрескел
307.	Кез келген элементте сызат немесе жіктелу, бандажда сынық немесе қабыршақ болғанда, сондай-ақ домалау бетіндегі жарық торлары белгіленген мөлшерден көп болса пайдалануға жіберілуі	өрескел
308.	Доңғалақ жұптарының бандаж қондырғышы немесе бекетке шығыры босағанда, доңғалақ күпшегі немесе тісті доңғалағы жылжыған жағдайда пайдалануға жіберілуі	өрескел
309.	Доңғалақ жұптарының мынадай тозулары мен зақымдануларының ең болмағанда доңғалақтың домалау үстіндегі уатылып бітуі 200 мм., тереңдігі 1 мм.-ден астам болғанда жылжымалы құрамды пайдалануға жіберілуі	өрескел
310.	Жолдар мен тоннельдердің жай-күйі жол өлшегіш вагонмен немесе жол өлшегіш арбашамен айына кемінде бір рет тексерілуін қамтамасыз етілмеуі	өрескел
311.	Жолдар мен тоннельдердің жай-күйі жабдықтардың жақындау габаритін тексеруге арналған габаритті вагонмен немесе габаритті рамамен - жылына кемінде бір рет тексеруін қамтамасыз етілмеуі	өрескел
312.	Жолдар мен тоннельдердің жай-күйі 5 жылға дейін — жылына кемінде бір рет тексеруін қамтамасыз етілмеуі	өрескел
313.	Жолдар мен тоннельдердің жай-күйі 5 жылдан 10 жылға дейін — үш жылда кемінде бір рет тексеруін қамтамасыз етілмеуі	өрескел
314.	Жолдар мен тоннельдердің жай-күйі 10 жылдан аса — бес жылда кемінде бір рет тексеруін қамтамасыз етілмеуі	өрескел

315.	Жол дистанциялары барлық өзгерістер уақтылы енгізіліп отыратын, станциялардың схема түріндегі жоспарлары, басты және станциялық жолдардың бойлық пішіні мен жоспары болмауы	өрескел
316.	Тоннельде, жер үсті учаскелерде, электрдепоның парктік жолдарында рельстер, метал конструкциялармен, жабдықтармен, құбыр өткізгіштермен және кабель қабығымен, жол бетондарымен, балластармен байланысуына жол берілмейді (электр депоның парктік жолдарында құрылғыларды біржелілік рельстік тізбектің тартымдық желісімен жерге тұйықтауға рұқсат беріледі). Олардың арасындағы рұқсат етілген саңылау - кемінде 30 мм.	өрескел
317.	Бағыттамалы бұрмаларды және тұйық қиылыстарды бағыт ұштары ажыраған жағдайда пайдалануы	өрескел
318.	Бағыттамалы бұрмаларды және тұйық қиылыстарды пайдалануға ұштарда бірінші жалғастырушы тартымға қарсы өлшенетін рамалық рельстен 4 мм.-ге және одан астам артта қалған жағдайда пайдалануы	өрескел
319.	Бағыттамалы бұрмаларды және тұйық қиылыстарды пайдалануға тарақтардың жылжу қаупін төндіретін ұштары боялған барлық жағдайларда тереңдігі 3 мм. астам ұшынан бірінші жалғастырушы тартымға дейін ұштары боялған басты және станциялық жолдарда (парктік және өзгелерінен басқа) – 200 мм. және одан артық болған жағдайда пайдалануы	өрескел
320.	Бағыттамалы бұрмаларды және тұйық қиылыстарды пайдалануға тарақтардың жылжу қаупін төндіретін ұштары боялған барлық жағдайларда тереңдігі 3 мм. астам ұшынан бірінші жалғастырушы тартымға дейін ұштары боялған парктік және басқа станциялық жолдарда – 400	өрескел



	мм. және одан артық ұштары боялған барлық жағдайларда пайдалануы	
321.	Бағыттамалы бұрмаларды және тұйық қиылыстарды пайдалануға үстіңгі беті 50 мм. және одан артық болып келетін ұш басының ені қиылу кезінде өлшенетін, ұш рамалық рельске қарсы 2 мм.-де және одан астам төмендеген жағдайда пайдалануы	өрескел
322.	Бағыттамалы бұрмаларды және тұйық қиылыстарды пайдалануға ұш немесе рамалық рельс сынған жағдайда пайдалануы	өрескел
323.	Басты жолдар мен электрлік жылжымалы құрамның айналуына және тұруына арналған жолдарда поездардың кері бағытта қозғалуы кезінде ұштардың алдына қырлы бөренелер төселуінің болмауы	өрескел
324.	Шығу бағдаршамының ( автобұғақтау бағдаршамдары) тыйым салушы көрсеткіші кезінде поезды автоматты түрде қозғалысқа келтірудің және вагондар есіктерін жабудың, ал маневрлік бағдаршамның немесе жартылай қолданыстағы бағдаршамдардың тыйым салушы көрсеткіші кезінде - құрам айналуының мүмкін еместігі қамтамасыз етілмеуі	өрескел
325.	Трамвай вагондарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізбеуі	өрескел
326.	Маршруттың әрбір соңғы станциясына соңғы станцияның шекарасын, қозғалыс тәртібін, трамвайлардың орналасуын және маневр жұмыстарының жүргізілуін анықтайтын техникалық-өкімдік актінің болмауы	өрескел
327.	Рельс аралық төсемнің рельстің жоғарғы басынан 30 мм. асырып жоғарылатып орналасуына рұқсат етілмейді, ал төсем жабынының тегіс емес жерлердің тереңдігі 40 мм. аспауы керек	өрескел
	Рельс жолдарының жолақтары аймағындағы жол жабыны мен	

328.	құрылыстарды рельстің тозбаған басынан 30 мм.аса биіктігі	өрескел
329.	Тиісті арматуралар мен белгілеу құрылғыларына (қысқыштар, бекіткіштер, кері бекіткіштер, қисықты ұстағыштар) арналған техникалық шарттарда белгіленген сынудың рұқсат етілген бұрыштарының қисық сызықты учаскелерінде түйіспелі өткізгіштері сыну бұрыштарының (жоспарда) көлемін асыруы	өрескел
330.	Токтың есептік (орташа) тығыздығын жез түйіспелі сымдарында электр жабдықтау дұрыс жұмыс тәртібінде жазғы уақытта 5 А/мм <sup>2</sup> астам асыруға жол берілмейді, мәжбүр болған тәртіпте - 6,8 А/мм <sup>2</sup>	өрескел
331.	Кернеудің РКҚ жылжымалы құрамының токқабылдағышқа дейін төмендеуінде қалыпты тәртібінде әрқайсы желі нүктесінде жиі есебінде 90 В астам, ең болмаса 170 В дейін аспауға жол берілмейді	өрескел
332.	Әрбір кабельдік сызықта кабельдік сызықтың құрылымдық схемасының болмауы	өрескел
333.	Әрбір кабельдік сызықта көлемі 1:200 немесе 1:500 трассаның орындаушы сызбаларының болмауы	өрескел
334.	Әрбір кабельдік сызықта кабельді сызықтарға кабельді журнал 10 (6) кВ және 0,4 кВ, 600 В болуы	өрескел
335.	Әрбір кабельдік сызықта " жасырын" жұмыстарға актілерінің болмауы	өрескел
336.	Әрбір кабельдік сызықта барабандардағы кабелдердің соңғы қамсалу жай-күйіне актілер және қажеттілігіне қарай үлгілерді ашу және тексеру хаттамаларының болмауы	өрескел
337.	Әрбір кабельдік сызықта кабелдердің зауыттық сынақ хаттамасының болмауы	өрескел
338.	Әрбір кабельдік сызықта кернеуге қойғанға дейінгі төсемеден және	өрескел

	монтаждан кейін кабелді сынау хаттамасының болмауы	
339.	Әрбір кабельдік сызықта ауа температурасы минус 50С төмен болғанда трасса және төсем бойынша жүргізу алдында барбандағы кабельді жылыту хаттамаларының болмауы	өрескел
340.	Әрбір кабельдік сызықта өндірістік жұмыстардың тізбесімен, себептерді түсіндірумен, жергілікті жеріне байланысты және күнді және өзгерістерді келіскен органды көрсете отырып, трассаны өзгерту журналының болмауы	өрескел
341.	Тура жолда рельс табанының ені 12 мм.-ден аспай кеңейіп ауытқуына пайдалануда жол беру	өрескел
342.	Қисық жолда рельс табанының ені (бүйірлік тозуын ескере отырып) 18 мм. ден аспай кеңейіп ауытқуына пайдалануда жол беру	өрескел
343.	Тура жолда рельс табанының ені 4 мм.-ден аспай тарылуына пайдалануда жол беру	өрескел
344.	Қисық жолда рельс табанының ені 2 мм.-ден аспай пайдалануына жол беру	өрескел
345.	Жолды жөндеу және құрылыс барысында рельс табанының ені 3 мм.-ден аспай кеңейіп ауытқуына пайдалануда жол беру	өрескел
346.	Жолды жөндеу және құрылыс барысында рельс табанының ені 2 мм.-ден аспай тарылып ауытқуына пайдалануда жол беру	өрескел
347.	Ескі жылды рельстерді пайдалануда рельс табаны ені 5 мм.-ден аспай кеңейіп ауытқуына мүмкіндігінше пайдалануда жол беру	өрескел
348.	Ескі жылды рельстерді пайдалануда рельс табаны ені 2 мм.-ден аспай тарылып ауытқуына мүмкіндігінше пайдалануда жол беру	өрескел
349.	Жалпы желілі теміржолдармен, сыртқы кірме жолдармен және	өрескел

	ішкі электрленген кірме жолдармен бір деңгейде трамвай сызықтарын кесіп өтуі	
350.	Жол өткеліндегі бойлы құрылыстар үстіндегі рельс басындағы байланыс өткізгішінің асып қою ұзындығы 4,4 м. кем болуына жол берілмейді, бар жол өткелдерінде бұл аралықты 4,2 м., тоннельдерде 3,9 м. кем емес азайтуға жол беріледі	өрескел
351.	Тозу нормаларынан асатын рельсті пайдалануы	өрескел
352.	Рельстің табаны астындағы едәуір шіруімен, рельстің табанына дейін бойлай жеткен жарықпен, тереңдігі 20 мм. астам механикалық тозығы бар ағаш шпалдар, сондай-ақ өтпелі жарығы немесе бетонның бөлшектелген аймағының қирауымен пайдаланулары	өрескел
353.	Арнайы құйылған бөлшектердің сынуы немесе жарығы	өрескел
354.	Арнайы құйылған бөлшектердің авариялық жағдайының белгілері саптың тік жазықтықта 6 мм ден асып, көлденең жазықтықта 4-мм. ден асып жылжуында, төменгі бекітпенің тозуы	өрескел
355.	Арнайы құйылған бөлшектердің авариялық жағдайының белгілері "тұйық" бұрмалар науасында бұрлеу кемуі 3 мм.-ден жоғары болуы	өрескел
356.	Арнайы құйылған бөлшектердің авариялық жағдайының белгілері бұрмалы тартқыш элементтерінде және тұйықтатқышындағы саңылау жиынтығы 3-мм. ден жоғары болуы	өрескел
357.	Арнайы құйылған бөлшектердің авариялық жағдайының белгілері саптың асуы немесе төмендеуі екі қауырсындық бұрмаларда рамалық рельске қарағанда 4 мм.-ден артық болуы	өрескел
358.	Арнайы құйылған бөлшектердің авариялық жағдайының белгілері саптың бір қауырсындық бұрмаларда рамалық рельстен 17	өрескел

	мм.-ден артық және 2 мм.-ден кем болуы	
359.	Арнайы құйылған бөлшектердің авариялық жағдайының белгілері саптың бүйірлік тозуы 12 мм.-ден асуы	өрескел
360.	Саптың соңғы жағы рамалық рельс деңгейінен жоғары асуы	өрескел
361.	Арнаулы бөлшектер жиналымының сынуы немесе жарығы	өрескел
362.	Арнаулы бөлшектер жиналымының тік тегістікте 7 мм.-ден асып, көлденең тегістікте 5 мм.-ден асып жылжуында, төменгі бекітпенің тозуы	өрескел
363.	Арнаулы бөлшектер жиналымының авариялық жағдайларының белгілері саптың асуы немесе төмендеуі рамалық рельске қарағанда 6 мм.-ден жоғары асуы	өрескел
364.	Арнаулы бөлшектер жиналымының авариялық жағдайларының белгілері саптың бүйірлік тозуы 10 мм.-ден жоғары асуы	өрескел
365.	Арнаулы бөлшектер жиналымының авариялық жағдайларының белгілері, рамалық рельс пен қауырсынның дөңгелеу бетінде сатылық тозуына 5 мм.-ден асуы	өрескел
366.	Теміржол жылжымалы құрамдарының белгіленген қызмет мерзімдерін сақтамауы	өрескел
367.	Теміржол жылжымалы құрамның әр бірлігінде теміржол жылжымалы құрамы иесінің атауының болмауы	өрескел
368.	Теміржол жылжымалы құрамның әр бірлігінде нөмірі, жасалған күні мен орны көрсетілген дайындаушы зауыттың тақтайшасының болмауы	өрескел
369.	Теміржол жылжымалы құрамның әр бірлігінде құрама бөлшектерінде сәйкестендіру нөмірлері мен қабылдау таңбаларының болмауы	өрескел

370.	Теміржол жылжымалы құрамның әр бірлігінде белгіленген жөндеу түрлері жүргізілген күні мен жерінің (локомотивтерден басқа) болмауы	өрескел
371.	Теміржол жылжымалы құрамның әр бірлігінде ыдыстың салмағының (локомотивтерден басқа) болмауы	өрескел
372.	Теміржол жылжымалы құрамның әр бірлігінде локомотивтерде, моторвагонды теміржол жылжымалы құрамда және АЖҚ - конструкциялық жылдамдығы, сериясы мен бортының нөмірі, тіркелген орнының атауы, резервуарлардың, бақылау аспаптарының және куәландырылғаны туралы тақтайшалар мен жазбаларының болмауы	өрескел
373.	Теміржол жылжымалы құрамның әр бірлігінде жолаушылар вагондарында, қызметкерлерді жұмыстарды жүргізу орнына және кері қарай жеткізу көзделіп отырған моторвагонды теміржол жылжымалы құрам мен өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрамда – орындар санының болмауы	өрескел
374.	Теміржол жылжымалы құрамның әр бірлігінде жүк, почта, багаж вагондарында - жүк көтергіштігінің болмауы	өрескел
375.	Жылжымалы құрам және АЖҚ белгіленген мерзімде жоспарлы-ескерту жөндеу түрлерінен, техникалық және сервистік қызмет көрсетуден өтпеуі	өрескел
376.	Әр локомотивке, вагон мен моторвагонды жылжымалы құрамның әр бірлігіне және АЖҚ техникалық және пайдалану сипаттамалары қамтылған дайындаушы-зауыттың техникалық паспортының болмауы	өрескел
	Ұлттық инфрақұрылым операторының тасымалдаушының локомотивтерімен қызмет көрсету	

377.	кезінде тасымалдаушы мен тармақ иеленушінің арасында вагондарды беруге-алуға арналған шарттармен қамтамасыз ету	өрескел
378.	Тіреуіш жапсырмалардың жұмыс қыры мен үшкірдің немесе жылжымалы (айналмалы) өзекшенің мойынының арасында 2 мм.-ден астам Саңылау жіберілген жолды пайдалану	өрескел
379.	Тік және көлденең сатының шамасы 5 мм.-ден асатын жолды пайдалану	өрескел
380.	Саңылаулардың түйіскен жерінде 35 мм.-ден асатын жолды пайдалану.	өрескел
381.	Рельстің соңында барлық болттарды кесу кезінде жолды пайдалану (түйісті бір жақты теңестіру)	өрескел
382.	Рельс табаны төсем ребордасынан бес шпалдан немесе брустардан шыққан кезде жол берілген жолдарды пайдалану.	өрескел
383.	Қатарынан 6-дан астам жарамсыз (бұтаның шірігі) ағаш шпалдары табылған жолды пайдалану	өрескел
384.	Жолды орташа жөндеу кезінде: жаңа балласты қоса отырып, шпал астындағы қиыршық тасты балласты 25 см. кем емес тереңдікке жаппай тазалау, басқа түрлердегі ластанған балласты шпал табанының астынан 15 см. кем емес тереңдікте болмауы	өрескел
385.	Жұмыс жолын орташа жөндеу кезінде бекітудің барлық жарамсыз элементтерінің, ұзындығы 50-75 м. және дәнекерленген жіктер аймағындағы тең аралықтағы және кірпіктердің шетіндегі рельс төсемдерінің астының болмауы	өрескел
386.	Жолды орташа жөндеу кезінде: ақаулы рельстерді жеке ауыстырмауы, барлық жарамсыз шпалдарды, сондай-ақ шеберханаларда жөндеуді талап ететін ақаулы шпалдардың болмауы	өрескел

387.	Жолды орташа жөндеу кезінде: дәнекерленген жіктердің болмауы	өрескел
388.	Жолды орташа жөндеу кезінде: иірімді жою және жоспар мен бейіндегі жолдың болмауы	өрескел
389.	Жолды орташа жөндеу кезінде: өткелдердің төсемдерін жөндеуінің болмауы	өрескел
390.	Тармақ иеленушілердің жолды ағымдағы ұстауды жүзеге асыруы, жоспарлы - алдын алу жұмыстары	өрескел
391.	Өткелдің жүру бөлігінің енін қамтамасыз ету автомобиль жолының жүру бөлігінің ені бойынша, бірақ кемінде 6 метр, ал мал айдау орындарындағы төсемнің ені кемінде 4 метр етіп белгіленеді	өрескел
392.	Контррельстің ұштары ұзындығы 50 см., 25 см. бүгілген. Жол рельстері мен контррельстің жұмыс қырлары арасындағы науаның ені 75-110 миллиметр ( бұдан әрі –мм.), ал тереңдігі - кемінде 45 мм.	өрескел
393.	Әрбір теміржол жолының жолтабаны ішіндегі өткел бойынша кезекшілермен өткелдерде (бір жолды учаскелерде-теміржол жолының екі жағынан) төсемнен 0,75 - 1,0 м . қашықтықта поезды тоқтатудың жылжымалы сигналдарын (кызыл қалқан, фонарь) орнатуға арналған металл түтікшелер түріндегі құрылғыларды, сондай-ақ жылжымалы құрамның төменгі габаритсіздігін анықтауға арналған құрылғыларды бекітеді.	өрескел
394.	Шлагбаумдардың тіреулері, өткел сигнализациясы бағдаршамдарының дінгектері, қоршаулар, таяныштар мен бағыттаушы бағаналар автомобиль жолының жүру бөлігінің жиегінен кемінде 0,75 м. қашықтықта орналастырылады.	өрескел
395.	Малды айдап өту үшін өткелдерде биіктігі 1,2 м. темір бетоннан, ағаштан, металдан жасалған таяныштар немесе тосқауыл түріндегі қоршаулар орнатылмауы	өрескел



	, ал механикаландырылған шлагбаумдарға бөгегіш торлар ілінеді.	
396.	Көлік құралының өтпесіне рұқсатсыз кіруден ЖҚБ-мен жабдықталған өткелдің болуы, жаяу жүргіншілер жолы және дыбыстық сигнализациясы болуы керек.	өрескел
397.	Өткелдерге кіреберістерде шлагбаумдары бар өткелді жайластырудың орналасу схемасына сәйкес. Шлагбаумдарсыз өткелді жайластырудың орналасу схемасы бойынша темір жол жағынан поездар машинистерінің ысқырықты бергені туралы "С" - тұрақты ескерту сигналдық белгілері орнатылады	өрескел
398.	"С" сигналдық белгілері поездар қозғалысының жүрісі бойынша оң жағынан өткелдерден 500 - 1500 м . қашықтықта, ал поездар сағатына 120 километрден астам жылдамдықпен айналатын аралықтарда 800 - 1500 м. қашықтықта орнатылмауы.	өрескел
399.	Малды айдап өтетін жерге кіреберісте шеткі рельстерден 20 м. қашықтықта мемлекеттік және орыс тілдерінде "Поездан сақ бол! Мал айдау орны!", ал шеткі рельстен 3-4 м. қашықтықта, мал айдап өтуге арналған жолдарға көлденең - көлік құралдарының жолға шығуын болдырмау үшін бағаналар орналастырылмауы.	өрескел
400.	Көлік құралдарының қарқынды қозғалысы, сондай-ақ жолаушылар поездарының жүрдек қозғалысы бар өткелдерде көлік құралдарының өтпелерге рұқсатсыз кіруін болдырмау үшін арнайы ЖБЗ қолданылады, ЖБЗ автомобиль жолының жүру бөлігін толығымен жабатын.	өрескел
401.	Механикаландырылған шлагбаумдар жолдың барлық жүру бөлігін жабады және тәуліктің қараңғы уақытында, сондай-ақ күндіз нашар	өрескел

	көрінгенде (тұман, боран және басқа да қолайсыз жағдайлар) қолданылатын сигналдық шамдарының болмауы.	
402.	Шлагбаумдар өткелдің екі жағынан, автокөлік қозғалысы бойынша автомобиль жолының оң жағынан жол жиегінде олардың білеулері жабық жағдайда жолдың жүру бөлігінің бетінен 1 - 1,25 м. биіктікте орналасатындай етіп орнатылмауы.	өрескел
403.	Шлагбаумдардың (негізгі және қосалқы) бөгегіш брустары көлденеңінен 45-50° бұрышпен оңға қарай еңкейтілген (автомобиль жолы жағынан қараса) қызыл және ақ түсті кезектесетін жолақтармен боялған. Жолақтардың ені - 500 - 600 мм. бөгегіш арқанның ұшында ені 250 - 300 мм. қызыл жолақ болмауы.	өрескел
404.	Электрмен жабдықтаудың бойлық желілері болған кезде I және II санаттардағы, сондай-ақ III және IV санаттардағы барлық өткелдер электр жарығымен жабдықталмауы.	өрескел
405.	Өтпелік бағдаршамдарды көлік құралдары қозғалысының бағыты бойынша оң жағынан орнатылмауы. Жекелеген жағдайларда (көрінуді шектеу, қозғалыс қарқындылығы) өткел бағдаршамдары автомобиль жолының қарама-қарсы жағында да орнатылмауы	өрескел
406.	Қыста өткелдер көктайғақ кезінде өткел шекарасында өткелдің жүру бөлігін және жаяу жүргіншілер жолдарын себу үшін инертті материалдың (күмның) тұрақты қорымен қамтамасыз етпеуі	өрескел
407.	Барлық басқа да жасанды құрылыстардың кемінде 10 жылда бір рет тексерілмеуі	өрескел
408.	Көпір брустарын жаппай ауыстырылмауы	өрескел
409.	Балласт тақталарынсыз және көпір төсемінің элементтерінсіз ауыстырылуы	елеулі

410.	Жасанды құрылыстардың балласты астауларын гидроокшаулауды ауыстыру, бояуды жанартпауы	өрескел
411.	Жасанды құрылыстардың ақаулы аралық құрылыстарының ауыстырмауы	өрескел
412.	Жасанды құрылыстардың габаритсіздігінің жойылмауы	өрескел
413.	Жасанды құрылыстар шегінде және оларға кіреберістерде жолдың жоғарғы құрылысын күтіп ұстамауы	өрескел
414.	Көпір төсемінің элементтерін ластанудан тазарту, теңестіру аспаптары мен тарату аралықтарының рельс құлыптарын тазалау және майлау, түйісулерді реттеу және маусымдық теңестіру рельстерін ауыстыру, жолдың жоғарғы құрылысын айдап әкетуден бекіту.	өрескел
415.	Болттарды тартпауы және ауыстырмауы және көпір төсемінің ақаулы элементтерін жеке (іріктеп) ауыстыру, көпір білеулерін шіруден және механикалық тозудан қорғамауы.	өрескел
416.	Жасанды құрылыстардың аралық құрылыстары мен фермалық алаңдарының астындағы ластанудан тазартпауы.	өрескел
417.	Жасанды құрылыстардың тірек бөліктерін тазалау, майлау, түзету және қорғау футлярларын жөндемеуі.	өрескел
418.	Құбырларды, науаларды, су құдықтарын, арналарды жасанды құрылыстардың тасындылары мен тасындыларынан тазарту.	өрескел
419.	Құрылыстарды қысқа дайындау-шағын көпір құбырларының тесіктерін қалқандармен жабу, тоннельдердегі науалардың жылуын жөндеу.	өрескел
420.	Жасанды құрылыстардың су тасқыны мен сең өтуін болдырмау	елеулі
	Жасанды құрылыстардың металл конструкцияларының жекеленген	

421.	орындарының ішінара боялмауы. ( олардың толық боялмауы қалпына келтірілгенге дейін).	өрескел
422.	Көпірлердің металл конструкцияларындағы жарықтарды жапсырмалармен бұрғылау және жабу.	өрескел
423.	Тас қалауының жіктерін тігу және массивті конструкциялардағы жарықтарды бітеу, төгінділерді жөндеу, жеке құлаған және орын ауыстырған тастарды және жасанды құрылыс блоктарын орнына қою.	өрескел
424.	Өртке қарсы мүкәммалды күтіп-ұстау, су және құм қорын толықтыру, жасанды құрылыстардың бөшекелері мен жәшіктерін жөндеу.	өрескел
425.	Тоннельдердің бетінде және ішінде су бұру құралдарын тазалау және ұстау, тоннельдердегі мұздарды бөлшектеу.	өрескел
426.	Кеме жүретін өзендер арқылы өтетін көпірлерде кеме қатынасы сигнализациясы құрылғыларын ақаусыз ұстау	өрескел
427.	Магистральдық темір жол желісінің құрылыстары мен құрылғылары жарамды күйде ұсталуға тиіс	
428.	Айқастырмалардың жебелері мен жылжымалы өзектері (орналасқан жолдардан басқа), оның ішінде орталықтандырылған және бақылау құлыптары бар, оларды аспалы құлыптармен құлыптау мүмкіндігі үшін үлгілік құрылғылармен жабдықталады	өрескел
429.	Жөндеу түрлерін жүргізгенге және жаңа белгіленген қызмет мерзімін белгілегенге дейін қызмет ету мерзімі өткен тартқыш көлік құралын пайдаланбау	өрескел
430.	АЖҚ қызмет ету мерзімін ұзарту жөніндегі жұмыстарды технологиялық жарактануы және құзыретті персоналы бар заңды тұлғалар орындайды	елеулі

431.	Локомотивтерге техникалық және сервистік қызмет көрсетуді жүргізу үшін локомотив жөндеу кәсіпорындарында тиісті технологиялық жабдықтармен, бақылау және диагностика құралдарымен жарықталған, даярланған персонал болмауы	елеулі
432.	Жол жүру құжаттарын (билеттерін ) қайта сату	елеулі
433.	Поездардың құрамдарын вагондардың поездарды қабылдау және жөнелту маршруттарына және іргелес аралыққа кетуін болдырмайтын құрылғылармен жабдықталмаған, 0,0025-тен асатын еңісі бар станцияларда немесе жекелеген станциялық жолдарда локомотивсіз қалдыру	өрескел
434.	Жарылғыш материалдары бар поездарды аралық станцияларда локомотивсіз қалдыру	өрескел
435.	Вагондарды бекіту үшін мұз қатқан, майланған жылқысы бар тежегіш табандықтарды пайдалану	өрескел
436.	2000 км ( $\pm$ 200 км) жүгіріс кезінде метрополитенге алғашқы техникалық қызметті көрсетпеуі	өрескел
437.	Метрополитенге екінші техникалық қызметті көрсетпеуі-әрбір 25000 км ( $\pm$ 2500 км)	өрескел
438.	Желіге жүргізушіні: трамвай вагонын басқару құқығына куәлік, кернеуі 1000 В дейінгі электр қондырғыларында жұмыс істеу құқығына куәлік, жүргізуші кітапшасы, жол парағы, қозғалыс кестесі, техникалық байқау талоны бар поезд кітабы болмаған кезде жіберілуі	өрескел

Теміржол көлігі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 2-қосымша

## Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесі

1) тармақ иелері;

- 2) теміржол көлігінің қосалқы қызметтері;
- 3) ұлттық инфрақұрылым операторлары;
- 4) тасымалдаушылар;
- 5) локомотив тарту операторлары;
- 6) қалалық рельсті көліктер (метрополитен);
- 7) қалалық рельсті көліктер (трамвай);
- 8) теміржол вокзалдары;
- 9) вагондардың (контейнерлердің) операторлары.

P/c №	Субъективті өлшемшарттар көрсеткіші	Субъективті өлшемшарт көрсеткіші бойынша акпарат көз	Маңыздылығы бойынша үлес салмағы, балл барлығы 100 баллға дейін болуы тиіс), wі	Шарттар / мәндер, хі			
				1-шарты / мәні	2-шарты / мәні	3-шарты / мәні	4-шарты / мәні
1	2	3	4	5			
Бару арқылы профилактикалық бақылау үшін							
1	Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай-ақ профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша ұсынымдарды орындамау	Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай-ақ профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай-ақ профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар	100	0	1-2	3-4	5+
				0%	100%	100%	100%
2	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы кодексінің 462, 464, 559, 561, 571, 621,	Бақылау субъектісінің кінәсінен туындаған	100	0	1-2	3-4	5+

623, 624-1, 625 – баптары бойынша " Әкімшілік құқық бұзушылықтардың болуы"	көлік оқиғаларының болуы	0%	100%	100%	100%
--	--------------------------	----	------	------	------

Бірлескен бұйрыққа  
3-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін  
атқарушының  
2015 жылғы 14 желтоқсандағы  
№ 1205 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 823 бірлескен бұйрығына  
2-1-қосымша

## Ішкі су көлігі саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы ішкі су көлігі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-баптың 5 және 6 - тармақтарымен, "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) және "Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту және "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 14 желтоқсандағы № 126 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31148 болып тіркелген) сәйкес әзірленген.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;
- 2) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

3) тәуекел – бақылау және қадағалау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

4) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау және қадағалау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру үшін бақылау және қадағалау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау және қадағалау субъектісін (объектісін) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруден босату процесі;

5) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласындағы тәуекел дәрежесіне байланысты бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын және бақылаудың жекелеген субъектісіне (объектісіне) тікелей тәуелді болмайтын тәуекел дәрежесін бағалау және қадағалау өлшемшарттары;

6) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау және қадағалау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – бақылаудың нақты субъектісі (объектісі) қызметінің нәтижелеріне қарай бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау және қадағалау өлшемшарттары;

8) тексеру парағы – сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіретін бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптардың тізбесі;

9) іріктеме жиынтық (іріктеме) – Кодекстің 143-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың нақты саласында бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын бағаланатын субъектілердің (объектілердің) тізбесі.



## **2-тарау. Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі**

3. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары бірнеше кезеңмен жүзеге асырылатын объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау (Шешімдерді мультиөлшемшартты талдау) арқылы қалыптастырылады.

Бірінші кезеңде объективті өлшемшарттар жөніндегі мемлекеттік органдар бақылау субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Екінші кезеңде субъективті өлшемшарттар жөніндегі мемлекеттік органдар бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) мыналарға:

- 1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;
- 2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;
- 3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ты қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

4. Ықтимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың біржолғы немесе жүйелі сипатына, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптар өрескел, елеулі және болмашы бұзушылық дәрежелеріне сәйкес келеді.

5. Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

## **3-тарау. Объективті өлшемшарттар**

6. Ішкі су көлігі саласындағы объективті өлшемшарттарды айқындау тәуекелді айқындау арқылы жүзеге асырылады.

7. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары дәрежесіне мыналар жатады:

1) ішкі су жолдарында орналасқан кеме қатынасы су жолдары мен құрылыстардың иелері;

2) шағын көлемді кемелер үшін база-тұрақ иелері 30 бірліктен және одан көп болатын кемелер саны болған кезде.

Ішкі су көлігі саласында орташа тәуекел дәрежесіне базалық кемелердің саны 10-нан 30 бірлікке дейінгі шағын көлемді кемелерге арналған тұрақ базаларының иелері жатады.

Ішкі су көлігі саласында тәуекел дәрежесінің төмендігіне базалық кемелердің саны 10 бірлікке дейінгі шағын көлемді кемелерге арналған тұрақ базаларының иелері жатады.

8. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары және орташа дәрежелеріне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Жоғары және орташа тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің еселігі жылына екі реттен артық болмауы тиіс.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

#### **4-тарау. Субъективті өлшемшарттар**

9. Субъективті өлшемшарттарды анықтау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

10. Бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау қажет.

Кәсіпкерлік субъектілерін іріктеу үшін профилактикалық бақылау жүргізу кезінде мынадай ақпарат көзі пайдаланылады:

бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай

профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар (анықтама, қорытынды, ұсынымдар).

11. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде профилактикалық бақылау жүргізу кезінде осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес бағалауға жататын субъективті өлшемшарттар қалыптастырылады.

Талдау және бағалау кезінде нақты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы жүргізілген бару арқылы профилактикалық бақылаудың қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау және қадағалау субъектілеріне қатысты оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

12. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын және осы Өлшемшарттардың 7-тарауында айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес субъективті өлшемшарттар көрсеткішінің маңыздылығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығы және субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы осы Өлшемшарттар ге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындау үшін субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес ішкі су көлігі саласының ерекшелігін ескере отырып, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттар белгіленеді.

Субъективті өлшемшарттардың көрсеткіштері ішкі су көлігі саласындағы бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) әрбір біртекті тобы үшін айқындалады. Субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы бойынша үлес салмағы ішкі су көлігі саласындағы бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) әрбір біртекті тобы үшін тәуекелді бағалаудағы көрсеткіштің маңыздылығына байланысты айқындалады.

## **5-тарау. Тәуекелдерді басқару**

13. Адал бақылау және қадағалау субъектілерін көтермелеу және бұзушыларға бақылауды және қадағалауды шоғырландыру қағидатын іске асыру мақсатында бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен айқындалатын кезеңге бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізуден босатылады.

14. Субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) ақпараттық жүйені қолдана отырып, бақылау және қадағалау субъектілері қызметінің тиісті салаларындағы жоғары тәуекел дәрежесінен орташа тәуекел

дәрежесіне немесе орташа тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесіне мынадай жағдайларда:

1) егер мұндай субъектілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен үшінші тұлғалар алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасасса;

2) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан немесе талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізуден босату жағдайлары айқындалған болса;

3) егер субъектілер өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы келісім жасалған, "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері болып табылса ауыстырылады.

15. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босату мақсатында реттеуші мемлекеттік органдар, сондай-ақ мемлекеттік органдар жеңілдететін индикаторларды ескереді.

Жеңілдететін индикаторларға:

1) деректерді онлайн-режимде беретін аудио және (немесе) бейне жазбалардың болуы;

2) деректерді мемлекеттік органдар жүйесіне беретін датчиктер мен бекіту құрылғыларының болуы (су датчиктері, атмосфераға шығарындыларды тіркеу датчиктері) жатады.

Бұл ретте бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босатуды олар бойынша деректер жеңілдететін индикаторларда көрсетілген тәсілдермен алынған талаптар бөлігінде жүзеге асырады.

**6-тарау. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ерекшелік пен құпиялылық ескеріле отырып, ақпараттық жүйелерді пайдаланатын мемлекеттік органдарға арналған тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру ерекшеліктері**

16. Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу кестелерін немесе тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқаудың қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау асырылатын бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) санының ең аз жол берілетін шегі мемлекеттік бақылаудың белгілі бір

саласындағы, осындай бақылау және қадағалау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауға тиіс.

## **7-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібі**

17. Бақылау және қадағалау субъектісін осы Өлшемшарттардың 3-тармағына сәйкес тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесі көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Мемлекеттік орган осы Өлшемшарттардың 10-тармағына сәйкес көздерден субъективті өлшемшарттар бойынша ақпарат жинайды және деректер базасын қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау және қадағалау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша осы Өлшемшарттың (SC) 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$R_{арал} = SP + SC$ , мұнда

Rарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – осы Өлшемшарттың 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есеп ішкі су көлігі саласының бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылау бір саласының бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды.

18. Алдыңғы тексерулер мен бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы Өлшемшарттың 10-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау және қадағалау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған жағдайда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7,$$

мұнда:

SP<sub>3</sub> – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP<sub>1</sub> - елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP<sub>2</sub> - анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_n = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3,$$

мұнда:

SP<sub>n</sub> – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP<sub>1</sub> – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP<sub>2</sub> – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_n,$$

мұнда:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP<sub>3</sub> – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP<sub>n</sub> – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

19. Осы Өлшемшарттың 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i,$$

мұнда:

x<sub>i</sub> - субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

w<sub>i</sub> - субъективті өлшемшарт көрсеткішінің үлес салмағы x<sub>i</sub>,

n – көрсеткіштер саны.

Осы Өлшемшарттың 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

20. R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\text{min}}}{R_{\text{max}} - R_{\text{min}}}$$

мұнда:

R – бақылау және қадағалау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

Rmax – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

Rmin – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

Rарал – осы Өлшемшарттың 17-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

## **8-тарау. Тексеру парақтары**

21. Тексеру парақтары бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті топтары үшін жасалады және Кодекстің 132-бабының 2-тармағына сәйкес талаптарды қамтиды және Кодекстің 143-бабының 2-тармағында айқындалған шарттарды сақтай отырып жүргізіледі.

22. Біртекті топтар бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) жүзеге асыратын қызмет түрлері бойынша, сол сияқты тіркеу нысаны бойынша (заңды тұлғалар, жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер) бөлінеді.

Ішкі су көлігі саласындағы  
тәуекел дәрежесін бағалау  
өлшемшарттарына  
1-қосымша

## **Ішкі су көлігі саласындағы бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қойылатын талаптардың бұзылу дәрежесі**

№	Өлшемшарттардың атауы	Бұзушылық дәрежесі

1.	Ішкі су жолдарының жағалау белдеуінде навигациялық жолдарды қоспағанда, кеме жүрісіне қарай бағытталған қандай да бір тұрақты оттарды орнатуға тыйым салуды сақтамау	өрескел
2.	Навигациялық жабдық құралдарын, оның ішінде қалқымалы және өзге де жабдықтарды орнату жөніндегі талаптарды сақтамау	өрескел
3.	Кемелерді, салдарды және басқа да жүзу объектілерін кедергісіз және қауіпсіз өткізуді қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтамау	өрескел
4.	Өз есебінен олардың тәсілдеріне қажетті түбін тереңдету және түбін тазарту жұмыстарын жүргізу жөніндегі талаптарды сақтамау	өрескел
5.	Кемелердің қауіпсіз өтуі үшін қажетті құрылыстар мен айлабұйымдарды дайындау, орнату және күтіп-ұстау жөніндегі талаптарды сақтамау	өрескел
6.	Көтергіш көпірлердің аралықтарын өсіру және көтеру жөніндегі талаптарды сақтамау	өрескел
7.	Жүзуге шығуды және шағын көлемді кемелердің базаға оралуын, олардың жарамдылығын, кеме жүргізушілерде міндетті кеме және кеме жүргізу құжаттарының болуын, жолаушылар сыйымдылығы мен жүк көтергіштігі нормаларының сақталуын, сондай-ақ кеме жүргізушілерін ауа райы болжамы туралы хабардар етуді бақылау жөніндегі режимді белгілеу жөніндегі база-тұрақта талаптарды сақтамау	өрескел
	База-тұрақ аумағын жабдықтау жөніндегі талаптарды сақтамау: 1) Жолаушыларды отырғызу және түсіру үшін арнайы жабдықталған айлақтармен; 2) шағын көлемді кемелерден жер асты суларын, пайдаланылған мұнай өнімдерін, құрғақ қоқыстарды, тамақ қалдықтарын	



8.	<p>кабылдауға арналған контейнерлермен және арнайы ыдыстармен;</p> <p>3) аумақты және су акваториясын, пирстерді, бокстарды, арқандап байлау құрылғыларын, құтқару және өртке қарсы құралдарды жарықтандыруға арналған жарықтандыру құрылғыларымен қамтамасыз етіледі. Жарықтандыру құрылғылары бағытталған әрекет ететін қалпақшалармен жарықтандырылады. Қараңғы түскеннен кейін айлақтардың өзекті арқандарында әр 50 метр сайын, бірақ айлақ төсемінен екі метр биіктікте орналасқан кемінде екі от арқылы айналмалы жарықтандырудың ақ шамдары жағылады.</p>	өрескел
9.	<p>Ішкі су көлігінде оларды кеме қатынасы су жолдарында және шағын көлемді кемелерде пайдалану кезінде, оларды база-тұрақтарда пайдалану кезінде көлік оқиғасына жол берілген оқиғалар</p>	өрескел
10.	<p>Шағын көлемді кемелерге арналған база-тұрақтарда адамның өмірі мен денсаулығына және кеме қатынасының қауіпсіздігіне зиян келтіру не қауіп төндіретіні туралы бір расталған шағымның немесе өтініштің болуы</p>	маңызды
11	<p>Екі немесе одан да көп расталған шағымдардың немесе адамның өмірі мен денсаулығына және кеме қатынасының қауіпсіздігіне қатер төндіретіні туралы өтініштердің және шағын көлемді кемелер үшін тұрақ базаларында болуы</p>	өрескел
12.	<p>Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау</p>	өрескел
	<p>Кеме қатынасы су жолдарында және шағын көлемді кемелерде оларды пайдалану кезінде ішкі су көлігіндегі көлік оқиғалары не</p>	

13.	адамның өмірі мен денсаулығына төнетін қатер туралы расталған ақпараттың болуы	өрескел
-----	--	---------

Ішкі су көлігі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына  
2-қосымша

### Ішкі су көлігі саласындағы субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесі

1. Ішкі су жолдарында орналасқан кеме қатынасы су жолдары мен құрылыстардың иелеріне қатысты.

2. Шағын көлемді кемелерге арналған тұрақ базаларының иелеріне қатысты.

P/c №	Субъективті өлшемшарттар көрсеткіші	Субъективті өлшемшарт көрсеткіші бойынша ақпарат көз	Маңыздылығы бойынша үлес салмағы, балл (100 баллға дейін болуы тиіс), w <sub>i</sub>	Шарттар / мөндер, x <sub>i</sub>			
				1-шарты / мәні	2-шарты / мәні	3-шарты / мәні	4-шарты / мәні
1	2	3	4	5			
Бару арқылы профилактикалық бақылау үшін							
	ҚР Ішкі су көлігі саласындағы заңнамасында белгіленген мерзімде бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген орындалмаған	Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар (анықтама,		0	1-2	3-4	5+
				0%	100%		100%

1	ұсынымдар дың саны	қорытынды, ұсынымдар)	100			100%	
---	-----------------------	--------------------------	-----	--	--	------	--

Бірлескен бұйрыққа  
4-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін  
атқарушының  
2015 жылғы 14 желтоқсандағы  
№ 1205 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 823 бірлескен бұйрығына  
2-1-қосымша

## Сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-баптың 5 және 6 - тармақтарымен, "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) және "Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту және "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 14

желтоқсандағы № 126 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31148 болып тіркелген) сәйкес әзірленген.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;
- 2) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;
- 3) тәуекел – бақылау және қадағалау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;
- 4) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау және қадағалау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру үшін бақылау және қадағалау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау және қадағалау субъектісін (объектісін) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруден босату процесі;
- 5) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласындағы тәуекел дәрежесіне байланысты бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын және бақылаудың жекелеген субъектісіне (объектісіне) тікелей тәуелді болмайтын тәуекел дәрежесін бағалау және қадағалау өлшемшарттары;
- 6) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау және қадағалау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;
- 7) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – бақылаудың нақты субъектісі (объектісі) қызметінің нәтижелеріне қарай бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау және қадағалау өлшемшарттары;
- 8) тексеру парағы – сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіретін бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптардың тізбесі;

9) іріктеме жиынтық (іріктеме) – Кодекстің 143-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың нақты саласында бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын бағаланатын субъектілердің (объектілердің) тізбесі.

## **2-тарау. Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі**

3. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары бірнеше кезеңмен жүзеге асырылатын объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау (Шешімдерді мультиөлшемшартты талдау) арқылы қалыптастырылады.

Бірінші кезеңде объективті өлшемшарттар жөніндегі мемлекеттік органдар бақылау субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Екінші кезеңде субъективті өлшемшарттар жөніндегі мемлекеттік органдар бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) мыналарға:

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;

3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ты қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

4. Ықтимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың біржолғы немесе жүйелі сипатына, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптар өрескел, елеулі және болмашы бұзушылық дәрежелеріне сәйкес келеді.

5. Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

### **3-тарау. Объективті өлшемшарттар**

6. Сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы объективті өлшемшарттарды айқындау тәуекелді айқындау арқылы жүзеге асырылады.

7. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары дәрежесіне мыналар жатады:

1) порттар мен порт құрылыстарының иелері;

2) шағын көлемді кемелер үшін база-тұрақ иелері 30 бірліктен және одан көп болатын кемелер саны болған кезде.

Сауда мақсатында теңізде жүзу саласында тәуекелдің орташа дәрежесіне 10-нан 30 бірлікке дейінгі базалық кемелер саны бар шағын көлемді кемелер үшін тұрақ базаларының иелері жатады.

Сауда мақсатында теңізде жүзу саласында тәуекелдің төмен дәрежесіне 10 бірлікке дейінгі базалық кемелер саны бар шағын көлемді кемелер үшін тұрақ базаларының иелері жатады.

8. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары және орташа дәрежелеріне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Жоғары және орташа тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің еселігі жылына екі реттен артық болмауы тиіс.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

### **4-тарау. Субъективті өлшемшарттар**

9. Субъективті өлшемшарттарды анықтау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

10. Бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін дерекқорын қалыптастыру және ақпарат жинау қажет.

Кәсіпкерлік субъектілерін іріктеу үшін профилактикалық бақылау жүргізу кезінде мынадай ақпарат көзі пайдаланылады:

бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар (анықтама, қорытынды, ұсынымдар).

11. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде профилактикалық бақылау жүргізу кезінде осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес бағалауға жататын субъективті өлшемшарттар қалыптастырылады.

Субъективті өлшемшарттарды талдау және бағалау ең жоғары әлеуетті тәуекелі бар бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) профилактикалық бақылауды шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Талдау және бағалау кезінде нақты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Өткен профилактикалық бақылаудың қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау және қадағалау субъектілері мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізілмейді.

12. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын және осы қағидалардың 7-тарауында айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес субъективті өлшемшарттар көрсеткішінің маңыздылығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығы және субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы осы Өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындау үшін субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес сауда мақсатында теңізде жүзу саласының ерекшелігін ескере отырып, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттар белгіленеді.

Субъективті өлшемшарттардың көрсеткіштері сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) әрбір біртекті тобы үшін айқындалады. Субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы бойынша үлес салмағы сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) әрбір біртекті тобы үшін тәуекелді бағалаудағы көрсеткіштің маңыздылығына байланысты айқындалады.

## **5-тарау. Тәуекелдерді басқару**

13. Адал бақылау және қадағалау субъектілерін көтермелеу және бұзушыларға бақылауды және қадағалауды шоғырландыру қағидатын іске асыру мақсатында

бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен айқындалатын кезеңге бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізуден босатылады.

14. Субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) ақпараттық жүйені қолдана отырып, бақылау және қадағалау субъектілері қызметінің тиісті салаларындағы жоғары тәуекел дәрежесінен орташа тәуекел дәрежесіне немесе орташа тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесіне мынадай жағдайларда:

1) егер мұндай субъектілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен үшінші тұлғалар алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасасса;

2) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан немесе талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізуден босату жағдайлары айқындалған болса;

3) егер субъектілер өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы келісім жасалған, "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері болып табылса ауыстырылады.

15. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босату мақсатында реттеуші мемлекеттік органдар, сондай-ақ мемлекеттік органдар жеңілдететін индикаторларды ескереді.

Жеңілдететін индикаторларға:

1) деректерді онлайн-режимде беретін аудио және (немесе) бейне жазбалардың болуы;

2) деректерді мемлекеттік органдар жүйесіне беретін датчиктер мен бекіту құрылғыларының болуы (су датчиктері, атмосфераға шығарындыларды тіркеу датчиктері) жатады.

Бұл ретте бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босатуды олар бойынша деректер жеңілдететін индикаторларда көрсетілген тәсілдермен алынған талаптар бөлігінде жүзеге асырады.

**6-тарау. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ерекшелік пен құпиялылық ескеріле отырып, ақпараттық жүйелерді пайдаланатын мемлекеттік органдарға арналған тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру ерекшеліктері**

16. Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу кестелерін немесе тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ



мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқаудың қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау асырылатын бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) санының ең аз жол берілетін шегі мемлекеттік бақылаудың белгілі бір саласындағы, осындай бақылау және қадағалау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауға тиіс.

## **7-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібі**

17. Бақылау және қадағалау субъектісін осы Өлшемшарттардың 3-тармағына сәйкес тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесі көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Мемлекеттік орган осы Өлшемшарттардың 10-тармағына сәйкес көздерден субъективті өлшемшарттар бойынша ақпарат жинайды және деректер базасын қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау және қадағалау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша осы Өлшемшарттың (SC) 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$R_{арал} = SP + SC$ , мұнда

Rарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – осы Өлшемшарттың 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есеп сауда мақсатында теңізде жүзу саласының бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылау бір саласының бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды.

18. Алдыңғы тексерулер мен бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер

бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы Өлшемшарттың 10-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау және қадағалау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған жағдайда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7,$$

мұнда:

SP<sub>3</sub> – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP<sub>1</sub> - елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP<sub>2</sub> - анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3,$$

мұнда:

SP<sub>H</sub> – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP<sub>1</sub> – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP<sub>2</sub> – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_H,$$

мұнда:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP<sub>3</sub> – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP<sub>H</sub> – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

19. Осы Өлшемшарттың 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i,$$

мұнда:

$x_i$  - субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

$w_i$  - субъективті өлшемшарт көрсеткішінің үлес салмағы  $x_i$ ,

$n$  – көрсеткіштер саны.

Осы Өлшемшарттың 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

20. R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\text{min}}}{R_{\text{max}} - R_{\text{min}}},$$

мұнда:

R – бақылау және қадағалау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

$R_{\text{max}}$  – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

$R_{\text{min}}$  – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

Rарал – осы Өлшемшарттың 17-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

## **8-тарау. Тексеру парақтары**

21. Тексеру парақтары бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті топтары үшін жасалады және Кодекстің 132-бабының 2-тармағына сәйкес талаптарды қамтиды және Кодекстің 143-бабының 2-тармағында айқындалған шарттарды сақтай отырып жүргізіледі.

22. Біртекті топтар бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) жүзеге асыратын қызмет түрлері бойынша, сол сияқты тіркеу нысаны бойынша (заңды тұлғалар, жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер) бөлінеді.

**Сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қойылатын талаптардың бұзылу дәрежесі**

№	Өлшемшарттардың атауы	Бұзушылық дәрежесі
1.	<p>Порт құрылыстарын техникалық пайдалану бойынша құжаттаманың болмауы, мысалы:</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) порт құрылыстарының жай-күйі мен пайдалану режимін техникалық қарап-тексеру журналдары;</li><li>2) порт құрылыстарын мерзімді тексеру жөніндегі актілер мен есептер;</li><li>3) порт құрылыстарын кезекті тексеру туралы акт;</li><li>4) порт құрылыстарын кезектен тыс тексеру туралы акт;</li><li>5) порт құрылыстарын күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды қабылдау-тапсыру актілері;</li><li>6) теңіз портының паспорты;</li><li>7) порт құрылыстарының паспорттары</li></ol>	өрескел
2.	<p>Жағалаудағы радиолокациялық станциялармен жабдықталған барлық порттар мен арналар үшін 2 миль және одан кем көрінген кезде міндетті радиолокациялық сымдарды орнатпау</p>	өрескел
3.	<p>Айлақ иесінің айлақты кеменің келуіне және кетуіне дайындауды қамтамасыз етпеуі.</p> <p>Айлақты дайындау кезінде:</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) қолайлы кемені арқандап байлау үшін айлақтың жеткілікті бос ұзындығы қамтамасыз етіледі;</li><li>2) айлақтың кордоны қалыпты арқандап байлауға (арқандап байлауға) кедергі келтіретін жүктерден және басқа да заттардан босатылады;</li><li>3) айлақтың Кордон маңындағы бөлігі мұз бен қардан тазартылады және арқандап байлау (аршу) бойынша жұмыстар орындалатын барлық ұзындықта құммен себіледі;</li></ol>	өрескел

	<p>4) порт бастығы бекіткен схемаға сәйкес прикордонные крандар алынып тасталады;</p> <p>5) арқандап байлау аймағында көліктің барлық түрлерінің жұмысы мен қозғалысы тоқтатылады;</p> <p>6) тәуліктің қараңғы уақытында айлақтың толық жарықтандырылуы қосылады. Кемені арқандап байлау орнын, яғни форштевняның орналасқан жерін айлақ иесінің өкілі көрсетеді: күндіз-қызыл жалаумен , түнде - қызыл отпен</p>	
4.	Кемелер мен порттық қалқымалы құралдарды өрт пирстеріне қою	өрескел
5.	<p>Порт құрылыстарын пайдалану кезінде мынадай талаптарды сақтамау:</p> <p>1) порт құрылысының паспортын әзірлеу және жүргізу;</p> <p>2) құрылыстарды пайдалану режимін белгілеу және оны сақтау ;</p> <p>3) порт құрылыстары мен акваторияға техникалық қарап-тексеру және тексеру жүргізу;</p> <p>4) қажетті көлемде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын уақтылы жүргізу;</p> <p>5) жаңа құрылыспен ұштастыра және байланыстыра отырып, аса маңызды құрылыстарды реконструкциялау мен жөндеуді перспективалық жоспарлау;</p> <p>6) құрылыстарды ағымдағы және күрделі жөндеу;</p> <p>7) құрылыстар мен акваторияларды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін нұсқаулықтар мен басқа да құжаттарды әзірлеу және сақтау;</p> <p>8) порт құрылыстарына қызмет көрсететін білікті персоналдың болуы</p>	өрескел
6.	Жағалауды нығайту құрылыстарының беткейлерінде қандай да бір заттарды жинау	өрескел
	Кемеден айлаққа берілген шығулар мен траптар мықтап	

7.	бекітіледі және тұтқалармен немесе леерлермен, ұзындығы кемінде 30 метр сызығы бар құтқару шеңберімен жабдықталады. Трап пен ұқсас алаанның астында адамдардың суға түсу мүмкіндігін болдырмайтын қауіпсіздік торы тартылады. Қараңғыда траптар (ұқсас) жарықтандырылады	өрескел
8.	Өрт туындаған жағдайда су беру үшін оларға "кеме" халықаралық үлгісіндегі кеменің өтпелі қосылысын қосуға мүмкіндік беретін кемелер тұрақтарындағы пирстер мен айлақтардың " жағалау" халықаралық үлгісіндегі ақаулы өтпелі қосылыстармен жабдықтау	өрескел
9.	Мұнай айлақтары мен танкерлердің тұрақ орындары ауданында оның тұрағы кезінде кемені ұшқын сөндіру қорғанысымен қамтамасыз етпеу	өрескел
10.	Порт құрылыстарын қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін әзірленген және бекітілген: 1) теңіз порты аумағының, онда орналасқан порт құрылыстарының , акваторияның, сондай-ақ олардың ауданындағы атмосфераның ластануын болғызбау жөніндегі нұсқаулықтар; 2) порт құрылыстары мен акваторияны техникалық қарап-тексеру және тексеру бағдарламалары	өрескел
11.	Порт құралдарын қорғауды бағалау туралы уәкілетті орган мақұлдаған есептің және порт құралдарын қорғау жоспары мен оларға түзетулердің болуы	өрескел
12.	Рейдтік айлақ құрылыстарын ( арқандап байлау палдары мен бөшкелер) пайдалану кезінде арқандап байлау кемелерінен түсетін жүктеме нормаларын сақтамау. Кеменің корпусына немесе құрылысына зақым келтірудің нақты қатерін білдіретін джекжем құрылғылары жоқ немесе бүлінген	өрескел

	құрылыстарға кемелерді арқандап байлау	
13.	Айлақтарға арқандап байлайтын Кемелердің, арқандап байлау және джекпот құрылғыларының ақаулы техникалық жай-күйінде болуы және өз сипаттамалары бойынша сәйкес келмеуі	өрескел
14.	Кемелерді арқандап байлау құрылғылары үшін ғана арқандап байлау арқандарымен байлау жөніндегі талаптарды сақтамау	өрескел
15.	Айлақ құрылыстарында Кордон бойынша доңғалақ кесетін құрылғылардың болмауы	өрескел
16.	Жағалау жағынан оқылатын әрбір арқандап байлау тұғырының бас бетіне цифрлық белгілерді қолданбау: 1) жоғарыдан-айлақтың жағалау сызығының басынан есептелетін тұғырдың реттік нөмірі (өтпелі нөмірлеу); 2) көлденең сызықтың астында – бір – бірінен тік сызықпен бөлінген ең жақын арқандап байлау тұғырларына дейінгі метрдегі қашықтық – солға және оңға	өрескел
17.	Кордон сызығынан ені 2 метр жолақ шегінде жүктерді жинау, кемелерді арқандап байлаудың қажетті жағдайларын қамтамасыз етуді қиындататын және Кордон маңындағы айлақ құрылыстарының басқа да операцияларын орындауы	өрескел
18.	"Киімі" жоқ жағалауды нығайту құрылыстарының беткейлерін шайып кетуден қорғау жөніндегі талаптарды сақтамау. Жағалауды нығайту құрылыстарының беткейлерінде пайда болатын және олардың "киімдерін" бұзатын өсімдіктердің жойылмауы	өрескел
	Жүзуге шығуды және шағын көлемді кемелердің базаға оралуын, олардың жарамдылығын, кеме жүргізушілерде міндетті кеме және кеме жүргізу құжаттарының болуын,	

19.	<p>жолаушылар сыйымдылығы мен жүк көтергіштігі нормаларының сақталуын, сондай-ақ кеме жүргізушілерін ауа райы болжамы туралы хабардар етуді бақылау жөніндегі режимді белгілеу жөніндегі база - тұрақта талаптарды сақтамау</p>	өрескел
20.	<p>База-тұрақ аумағын жабдықтау жөніндегі талаптарды сақтамау:</p> <p>1) Жолаушыларды отырғызу және түсіру үшін арнайы жабдықталған айлақтармен;</p> <p>2) шағын көлемді кемелерден жер асты суларын, пайдаланылған мұнай өнімдерін, құрғақ қоқыстарды, тамақ қалдықтарын қабылдауға арналған контейнерлермен және арнайы ыдыстармен;</p> <p>3) аумақты және су акваториясын, пирстерді, бокстарды, арқандап байлау құрылғыларын, құтқару және өртке қарсы құралдарды жарықтандыруға арналған жарықтандыру құрылғыларымен қамтамасыз етіледі.</p> <p>Жарықтандыру құрылғылары бағытталған әрекет ететін қалпақшалармен жарақтандырылады. Қараңғы түскеннен кейін айлақтардың өзекті арқандарында әр 50 метр сайын, бірақ айлақ төсемінен екі метр биіктікте орналасқан кемінде екі от арқылы айналмалы жарықтандырудың ақ шамдары жағылады</p>	өрескел
21.	<p>Теңіз портында өңделетін кемелердің түріне, кемелерден құрамында мұнай мен зиянды заттар бар қалдықтар мен қоспаларды, тазартылмаған сарқынды суларды, қоқыстарды, сондай-ақ құрамында жуу және балласты сулардың зиянды заттары бар қалдықтар мен қоспаларды қабылдауға арналған қабылдау порт құрылыстарының болмауы</p>	өрескел
	<p>Теңіз портында не отыз минуттық қол жеткізу шегінде бірінші және екінші деңгейдегі мұнайдың</p>	



22.	төгілуін толық жою үшін немесе екінші деңгейдегі жағдайда - жергілікті жағалау қызметтерінің ресурстары келгенге дейінгі кезеңге жеткілікті көлемде ресурстардың болмауы	өрескел
23.	Нәтижесінде теңіз порттарында және айлақ құрылыстарында пайдалану кезінде теңіз көлігінде авариялық жағдайларға және шағын көлемді кемелермен көлік оқиғаларына жол берілген оқиғалар, оларды тұрақ базаларында пайдалану кезінде	өрескел
24.	Теңіз порттары мен айлақ құрылыстарында және шағын көлемді кемелерге арналған база-тұрақтарда адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға және теңізде жүзу қауіпсіздігіне зиян келтіру не қауіп төндіретіні туралы бір расталған шағымның немесе өтініштің болуы	маңызды
25.	Теңіз порттары мен айлақ құрылыстарында және шағын көлемді кемелерге арналған тұрақ базаларында адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға және теңізде жүзу қауіпсіздігіне зиян келтіру не қауіп төндіретіні туралы екі немесе одан да көп расталған шағымдардың немесе өтініштердің болуы	өрескел
26.	Бақылау субъектісіне (объектісіне ) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау	өрескел
27.	Теңіз порттарында және айлақ құрылыстарында пайдалану кезінде теңіз көлігіндегі авариялық жағдай немесе оларды база-тұрақтарда пайдалану кезінде шағын көлемді кемелермен болған көлік оқиғасы не адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға төнген қауіп туралы расталған ақпараттың болуы	өрескел

Сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы тәуекел дәрежесін

**Сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесі**

1. Порттар мен порт құрылыстарының иелеріне қатысты.
2. Шағын көлемді кемелерге арналған тұрақ базаларының иелеріне қатысты.

P/c №	Субъективті өлшемшарттар көрсеткіші	Субъективті өлшемшарт көрсеткіші бойынша ақпарат көз	Маңыздылығы бойынша үлес салмағы, балл барлығы 100 баллға дейін болуы тиіс), wі	Шарттар / мәндер, хі			
				1-шарты / мәні	2-шарты / мәні	3-шарты / мәні	4-шарты / мәні
1	2	3	4	5			
Бару арқылы профилактикалық бақылау үшін							
1	ҚР Ішкі су көлігі саласындағы заңнамасында белгіленген мерзімде бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген орындалмағандық ұсынымдардың саны	Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар (анықтама, қорытынды, ұсынымдар)	100	0	1-2	3-4	5+
				0%	100%	100%	100%

атқарушының  
2015 жылғы 14 желтоқсандағы  
№ 1205 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 823 бірлескен бұйрығына  
3-қосымша

## Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясында тексеру парағы

Таксимен тасымалдаушыларға және таксидің ақпараттық - диспетчерлік қызметіне  
катысты

(бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы)

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық  
бақылауды тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_

(№, күні)

Тексерілетін бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы \_\_\_\_\_

(Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),  
бизнес- сәйкестендіру нөмірі) \_\_\_\_\_

Орналасқан мекенжайы \_\_\_\_\_

№ р/с	Талаптар тізімі	Талаптарға сәйкестігі	Талаптарға сәйкес келмеуі
1	2	3	4
1.	Такси тасымалдау үшін арнаулы басқаруы бар, оның ішінде барлығы қолмен, басқару рулі оң жақтағы, сондай-ақ бүйірлік есіктерінің саны төртеуден кем автокөлік құралдарын пайдалану		
	Такси тасымалдаушысының автокөлік құралдарын рейс алдындағы техникалық куәландырудан өтуін, сондай-ақ такси		

2.	жүргізушілерін рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық тексеруден өткізуді, профилактикалық медициналық тексеруді жүзеге асыруға шарт жасалған жоғары немесе орта медициналық білімі туралы дипломы бар адамның қамтамасыз етпеуі		
3.	Таксидің ақауы болған жағдайда оны уақтылы ауыстырмау		
4.	Такси салоньнда жолаушылар көретіндей жерде жүргізушінің фотосуреті бар, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) көрсетілген визит карточкасының, сондай-ақ: тасымалдаушының ресми атауы, оның мекенжайы мен телефон нөмірі және 1 километрге дейінгі жол жүру құны, сондай-ақ таксометр болған кезде жол жүрудің кейінгі қашықтығы үшін жол жүру құны көрсетілген ақпараттық таблоның болмауы		
5.	Такси жүргізушілерінің еңбек және демалыс режимін сақтауын қамтамасыз етпеуі		
6.	Жолаушыларды және багажды тасымалдау үшін бірыңғай түстік гаммада ресімделмеген таксиді сыртқы жағынан бір деңгейде жеңіл автомобильдің бүйірлік жағын барлық ұзындығы бойынша түсіру жолымен пайдалану, оның шанағының түсі такси тасымалдаушысының өзімен айқындалатын, шахмат тәртібімен орналасқан қара және (		

	немесе) сары шаршылардан тұратын, биіктігі кемінде 10 және 14 сантиметрден аспайтын белдеуді қамтитын таксилерді пайдалану		
7.	Т а к с и тасымалдаушысының төбесінде орналасқан және 500 метрге дейінгі қашықтықтан жақсы ажыратылатын тану белгісімен таксиді жабдықтау жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтамауы. Таксиде "Т" (такси) деген жазуы бар тану белгісінің және/немесе өзіне тән шашкалы белдеуінің және тәуліктің қараңғы уақытында жарық беретін белгісінің болмауы		
8.	Тасымалдаушы болып табылмайтын адам құ р а т ы н ақпараттық-диспетчерлік қызметтің клиенттердің тапсырыстарын есепке алуды жүргізуді және оларды қағаз немесе электрондық нысанда такси жүргізушісіне беруді қамтамасыз етпеуі		
9.	Жол жүру құжаттамасын ресімдеуді қамтамасыз етпеу		
10.	Өзге тұлға құратын т а к с и д і ң ақпараттық-диспетчерлік қызметінде таксиді тасымалдаушы ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарлама берген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың тізіліміне енгізілген т а к с и тасымалдаушыларымен ақпараттық-диспетчерлік		

қызмет көрсету жөнінде жасалған шарттың болмауы		
---	--	--

Лауазымды адам (адамдар) \_\_\_\_\_  
(лауазымы) (қолы)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)  
Бақылау субъектісінің басшысы

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы)

\_\_\_\_\_ (қолы)

Бірлескен бұйрыққа  
6-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін  
атқарушының  
2015 жылғы 14 желтоқсандағы  
№ 1205 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 823 бірлескен бұйрығына  
3-1-қосымша

### **Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясында тексеру парағы**

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес

Автовокзалдарға, автостанцияларға және жолаушыларға қызмет көрсету пункттеріне қызмет көрсететін тұлғаларға қатысты (бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы)

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/  
профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт

\_\_\_\_\_ (№, күні)

Тексерілетін бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы

\_\_\_\_\_ (Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),  
бизнес- сәйкестендіру нөмірі) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Орналасқан мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1.	Автовокзалдарда және автостанцияларда автобустардың және шағын автобустардың тұрағы үшін алаңшалардың болмауы		
2.	Автовокзалдарда және автостанцияларда жолаушыларға арналған күту залының болмауы		
3.	Автовокзалдар мен автостанцияларда билет сату кассасының (кассаларының) болмауы		
4.	Автовокзалдар мен автостанцияларда багажды сақтау камерасының (камераларының) болмауы		
5.	Автовокзалдарда ана мен бала бөлмесінің болмауы		
6.	Автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері әкімшілігімен осы қызмет түріне рұқсат етілген жолаушылар мен багажды тасымалдаушылармен шарт жасасудан бас тарту		
7.	Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылардың автовокзалдар (автостанциялар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері) аумағынан және жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттары бойынша жолаушыларды отырғызуды жүргізуі		

8.	Автовокзалдар мен автостанцияларда диспетчерлік пункттердің болмауы		
9.	Автовокзалдар мен автостанцияларда персонал мен жолаушылар үшін санитариялық-тұрмыстық үй-жайлардың болмауы		
10.	Автовокзалдар мен автостанцияларда жүргізушілер демалатын қызметтік үй-жайлардың болмауы		
11.	Автовокзалдарда қоғамдық тамақтану пункттерінің болмауы		
12.	Автовокзалдарда автобустар мен шағын автобустарды тексеруге арналған бекеттердің болмауы		
13.	Автовокзалдарда қоғамдық тәртіпті қорғау пунктінің болмауы		
14.	Автовокзалдарда медициналық көмек пунктінің және дәріхана киоскілерінің болмауы		
15.	Автовокзалдарда Интернет желісіне сымсыз қол жеткізу нүктелерінің болмауы		
16.	Автовокзалдарда жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттерінде , жолаушыларға арналған күту залында, автобустар мен шағын автобустардың тұрағына арналған алаңдарда бейнебақылаудың болмауы		
17.	Автовокзалдарда діни рәсімдер жасау үшін бөлменің болмауы		
18.	Автовокзалдар бес мың шаршы метрден кем аумақта , автостанцияларды екі		



	жарым мың шаршы метрден кем аумақта орналастыру		
19.	Жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің құрамында: жолаушыларды қауіпсіз отырғызуға және түсіруге, багажды тиеуге және түсіруге арналған алаңдардың, автобустардың тұрағына арналған алаңдардың, жол жүру құжаттарын (билеттерді) және багаж түбіртектерін сатуға арналған орындардың және жолаушыларды әртүрлі ауа райы жағдайларынан қорғауға арналған құрылыстардың болмауы		
